

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күніне орай Б.Римова атындағы драма театрында салтанатты жиын өтті. Жиынға облыс басшысы Амандық Баталов, мәдениет салаларының өкілдері қатысты.

Облыс әкімі А. Баталов мәдениет саласы мамандарын құттықтап, үздік деп танылғандарды марапаттады.

— Халқымыз ғасырлар бойы мәдениеті мен өнерін, салты мен асыл мұрасын алтын бесігінде тербетіп келеді. Қай заманда да еліміз дәстүрін дәріптеп, рухын жоғары ұстаған. Біздің бүгінгі қоғамда өнердің сан алуан түрі бар. Десе де олардың барлығының да мақсат-міндеті бір. Ол — адамның

эстетикалық талғамын қалыптастыруға, сезімін тәрбиелеуге, қоршаған ортаны көркемдік көзімен көруге үйрету. Сол арқылы адамзатқа рухани азық беру. «Шебердің қолы ортақ, шешеннің сөзі ортақ» дегенде халық осыны айтса керек. Кез келген ел өнерімен, мәдениетімен танылып, бағаланатыны анық. Сондықтан да атқарып жатқан игі істеріңізге табыс тілеймін. Өнердің өресі биік, айдыны кең болып, еліміздің рухани

байлығы арта берсін! Барша жетісулық өнерпаздарға шығармашылық жетістік пен бақыт тілеймін, — деді А. Баталов.

Театр фойесінде түрлі өнер туындыларынан, І.Жансүгіров музейі мен М.Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің кейбір жәдігерлерінен көрмелер қойылды. Жиынның басында мәдениет саласының бүгінгі бет-бейнесі туралы бейнефильм көрсетілді.

Жалпы облыстан «Үздік мәдениет қызметкері» атағымен 20 қызметкер марапатталып, олардың әрқайсысына 100 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық берілді. Ал, «Халықтық, үлгілі атағы бар үздік ұжым», «Үздік театр әртісі», «Үздік

мәдениет үйі», «Үздік кітапхана», «Үздік музей», «Үздік әнші», «Үздік аспапшы», «Үздік биші», «Үздік облыстық мәдениет мекемесі» номинациясы бойынша үздіктері анықталды.

Облыстың мәдениет саласын дамытуға қосқан үлесі үшін бірқатар азаматтар «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Олардың қатарында Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның М. Төлебаев атындағы халық аспаптары оркестрінің аспапшы әртісі Мұхтар Стыбаев, Кербұлақ ауданы Алтынемел ауылдық мәдениет үйінің музыка жетекшісі Сәуле Қожаханова да бар.

Сондай-ақ «Үздік облыстық мәдениет мекемесі» номинациясын ұста Дәркембай атындағы қолөнер музейі жеңіп алды, музейге жүлде сыйы ретінде «Лада Гранта» автокөлігінің кілті тапсырылды. Марапаттау рәсімінен соң музей директоры Дәулет Дәркембайұлы мінбеге шығып, әріптестерін мерекемен құттықтап, осы саланың дамуына әлі де өз үлестерін қосуға дайын екендіктерін жеткізді.

Марапаттау осымен аяқталмай, 20-ға жуық маманға ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің, облыс әкімінің құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары берілді.

Сонымен бірге, «Үздік биші» — Іле ауданының «Сармат» би ансамблінің жетекшісі Асхат Жамансариев, «Үздік аспапшы» — Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның аспапшысы Айбол Құдайберген, «Үздік әнші» — Кербұлақ ауданы Күреңбел фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамблінің әншісі Азамат Үмбетовке берілді. Жеңімпаздардың әрқайсысына диплом мен 100 мың теңге ақшалай сыйақы табысталды. Жиын соңы мерекелік концертпен жалғасын тапты.

Айта кету керек, 2019 жылдың басында облыстағы сала бюджеті 6,1 млрд теңгені құрап, қазіргі таңда 556 мәдениет пен мұрағат мекемелерінде 1500-ге жуық адам жемісті еңбек етуде.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



ТОБЕ КОККЕ ЖЕТКЕН КҮН

Кешке қарай, күнделікті жаңалықтарды тыңдайтын әдетім бойынша теледидарды қосып қалсам, Нұр-Сұлтанда әлем халықтарының XII Астана экономикалық форумы өтіп жатыр екен. Хош делік. Дүние жүзінің өкілдері Астанада бас қосатынына етіміз үйрене бастаған кезіміз ғой. Дегенмен, бүгінгі ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың меймандарды топ-тобымен, өз кезегімен қабылдай бастаған кезде жүрегім бүлк етіп, сезімтал тамырларым шымырлап қоя берді.

Қазақстан Президенті ХІІ Астана экономикалық форумына келген Еуропа делегациясын қабылдаған кезде ешбір тілмашсыз ағылшын тілінде емен жарқын өзеюкарды әңгіме құрды. Ал кезекті Қытай делегациясы бастап келген Қытай халық Республикасы мемлекеттік Кеңесі Премьерінің орынбасары Хань Чженнен таза қытай тілінде сұхбат алды. Одан кейін форумға жиналған 30 елден 710-нан астам сарапшы, саясаткер, бизнесмен мен ғалымдар қатысқан дүниежүзі елдерінің сүт-қаймақтары, қазіргі, бұрынғы ел Президенттері, аты әлемге танымал Нобель сыйлығының лауреаттары, көрнекті ғалымдар, мемлекет қайраткерлерімен болған жеке қабылдаулар мен «Дөңгелек стол» басындағы кездесуі ретіне, қажетіне қарай бірнеше тілде сайрай жөнелген біздің бүгінгі мемлекет басшысына разы болмаса басқа шара жоқ еді. Қайта

кеуденді кернеген қазақы намыс билеген, қазақы қуаныш-шаттықтан тұла бойың балқып, төбең көкке жеткендей күй кештік.

Күні кешегі біздің армандағанымыз да осы күн еді ғой! Күні кешегі қазақ жазушыларың алғашқы алып тұлғаларының бірі Кемел Тоқаев ағамыздың армандағаны да осы еді. Марқұм тірі болса небары 96 жасқа келер еді. 96 деген не тәйірі. Бүгінде жүзге жеткен ағаларымыз көп емес пе! Жарықтық Кемел аға тірі болып, бүгінгі күнді көрсе қандай бақытқа кенелер еді! Егеменді ел болдық! Тереземіз тең қазақ елі төртүл дүниенің өкілдерін тәртімізге жинап, әлем болашағы жолында зерделі жиын өткізіп отырмыз. Әлемдік мәдениет пен тәрбиеге сай озық үлгілі ұрпақ екенімізді көрсетіп сын-сипатымен құрмет, ілтипат жасап және өзіміздің деп өскен, өнген ел екенімізді әлемге паш

етіп отырмыз. Не деген бақыт?! Кеудені
кернеген шаттық күй.

Осы орайда Қасым-Жомарт Кемелұлының бүгінгі күнге дейін де тәуелсіз Қазақстанның қалыптасып-қатайып, есею тұстарында оның бел ортасында, шешуші тұлғалар қатарында қызмет атқарғаны еске түседі.

Ол елімізді тәуелсіздік алған ең қиын да сындарлы жылдарда жоқтан бар жасап, Қазақстанның сыртқы саясатын білікті жүргізген сыртқы істер министрі.

Ол елімізде болған дағдарыс кезіндегі Үкіметті басқарған Премьер-министр. Ол кезде еліміздегі экономикалық жағдай мез емес еді. Соған қарамастан 1999-2002 жылдар аралығында Қазақстан адамсенгісіз алғашқы жетістіктерге қол жеткізді. Ел экономикасы қарыштап өсіп 9,6 пайыздық өсімді көрсетіп, әлемдегі ең жоғарғы ішкі жалпы өнімнің өсімі ретінде тіркелді. Өндірістік кәсіпорын 14,6 пайызға, негізгі капиталға тартылған инвестиция 29,4 пайызға дейін артты. Кейіннен сарапшылар бұл кезеңді «Қазақстандық шоктық терапия» деп атағаны бар.

Ол әлемде сөзі өтетін білікті дипломат! Біріккен Ұлттар Ұйымының басшылығында болған азиялық ең ірі саясаткерлердің бірі!

Ол бүгінгі Қазақстанның қарыштап қадам басуындағы бүкіл заңнамалық құжаттар алдынан өткен Парламент Сенатының төрағасы!

Әлем өкілдері бас қосқан XII Астана экономикалық форумында кемеңгер Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев мынадай сөз айтты: «Спикерлер үшін ыңғайсыздау болып тұр, бірінші «Тұңғыш Президент», содан кейін «Президент» деп таныстыруына тура келеді. Менің ойымша, Қазақстанда екіжақтылық болмайды. Бізде Президент біреу және ол басты адам. Ал біз баршамыз оны сайлағаннан кейін қолдап, оған жұмыс істейтін боламыз».

Қасым-Жомарт Кемелұлының бүгінгі біз көріп, біз байқап жүрген ойлау стилі, білімділігі, өзін-өзі ұстауы, асқан элиталық мәдениеттілігі осы үмітке толығымен лайық!

Иә, аман-есен сайлауға жетейік. Бірауызды, бірлікті болып, өзіміз қалаған мемлекет басшысын сайлап алайық. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Ырым КЕНЕНБАЙ,
жазушы-баспагер.
«Құрмет» және «Парасат»
ордендерінің иегері.**



МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІНДЕ АҚША ШАШПАУҒА ШАҚЫРДЫ

Оқу жылының аяқталуына орай мектеп бітіруші оқушылар мен ата-аналар арнайы кеш өткізуге қызу дайындық үстінде. Осы орайда, ведомство ата-аналар комитетінің ақша жинайтындығы туралы хабарламалар жиі түсетінін атап өтті. Мұндай шағымдарға жауап ретінде Білім және ғылым министрлігі ақшаны желге шашпау үшін түлектер кешін мейрамханаларда емес, мектеп қабырғасында өткізуді ұсынды.

«Министрлік мектеп бітіру кешінің мақсатын сәнді киімдер мен мол дастарқанды көрсету емес, шын жүректен, жақсы ұйымдастырылған шара ретінде балалардың, мұғалімдер мен ата-аналардың есінде қаларлық мектепшілік жиын деп есептейді. Мектеп бітіру кешінің форматы қығбат әрі тым салтанатты болмауы керек». — деді ведомство.

Сондай-ақ, қоғамдық және мәдени ішараларға белсене ат салысқан, спорттық,

интеллектуалдық сайыстарда жеңімпаз болған, мектептің қоғамдық өміріне белсенді араласқан балаларды құрметпен атап өтудің орынды екендігін атап өтті. Министрлік өкілдерінің ұсынысы бойынша, түлектер педагогтардың көмегімен креативті бағдарлама дайындап, ата-аналарына, сүйікті ұстаздарына және жанына жақын сыныптастарына алғыстарын білдіретін мағыналы әрі қызықты форматтағы кеш өткізе алады.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТАУ ӨЗЕНДЕРІНДЕ СУ ДЕҢГЕЙІ КӨТЕРІЛУІ МҮМКІН

Алдағы екі күнде Шығыс Қазақстан мен Алматы облыстарында өзендегі су деңгейі көтерілуі мүмкін, деп хабарлайды «Қазгидромет» РМҚ. Жаңбыр жаууына байланысты Алматы өзендерінде судың деңгейі көтеріліп, су тасқыны және беткейлік ағын болуы мүмкін. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысындағы бірқатар өзен деңгейі көтеріліп, су басу қаупі күтіледі. «Бұқтырма өзені – Лесна Шемонаиха ГБ-де су деңгейінің жоғаруына байланысты, делінген хабарламада делінген. Оған қосымша, өзен деңгейінің одан әрі көтерілуі, сондықтан да су басу қаупі күтіледі».



24.kz

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА ТЕГІН ГАЗ ОРНАТТЫ



ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША «АЛМАТЫ ОБЛЫ-
СЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ ЖҰМЫСПЕН
ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫ»
ҚММ АРҚЫЛЫ АТАУЛЫ
ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛАТЫН
КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛА-
РЫНА «ЖЕТІСУ ОБЛҒАЗ»
ЖШС ГАЗДЫ ТЕГІН ҚОСУДЫ
ЖОСПАРЛАП ОТЫР. БІР
ЕСКЕРЕТІНІ, КӨГІЛДІР ОТЫН
ТАРТЫЛАТЫН ТҰРҒЫН
ҮЙ КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫ
ИЕСІНІҢ ӨЗ АТЫНДА БОЛУЫ
ШАРТ. «ЖОСПАРЛАНҒАН
ЖҰМЫС ШАМАМЕН МАУСЫМ
АЙЫНДА БАСТАЛМАҚ» ДЕЙДІ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ
ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ
БАС МАМАНЫ АЛМАС БАР-
ЛЫБЕКОВ.

Сондай-ақ, «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамының Жетісу өндірістік филиалы да әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға табиғи газды тегін қосуды қарастырмақ. Осы уақытқа дейін акционерлік қоғамның көмегімен Ескелді бө көшесінде тұратын 6 баласы бар С. Слуповтың жанұясына газ құрылғылары тегін орнатылды. «ҚазТрансГаз Аймақ» Компания алдағы уақытта қаладағы тұрмысы төмен тағы екі отбасының үйіне өз қаражаттарынан газ қосуды жоспарлап қойыпты. Олардың қатарында Балпық бө көшесінде тұратын А. Хребтова және Қожамярова көшесінің тұрғыны Г. Бозтемирова бар.

Талдықорған қаласында бүгінге дейін 3335 абонет табиғи газға қосылып үлгерген. Оның ішіндегі 2783 абонет жеке сектор болса, көпқабатты тұрғын үйдің 552 пәтері көгілдір отынның игілігін көруде.

ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Қырғызстан билігі 22 мамырда Тәжікстан аумағынан 150 метр қашықтықта орналасқан Ескі мазарда жанжал орын алды деп хабарлады. Аталған учаске әлі ресми бекітілмеген. Бірақ ол жерді қырғыз азаматтары пайдаланып келеді. Қырғызстан мемлекеттік шекара қызметінің мәліметі бойынша, 22 мамырда Баткен облысындағы Ескі мазарда жақында жерленген жергілікті тұрғына арнап құран оқылып жатқан. «Осы кезде Тәжікстан шекарашылары келіп, шекара маңынан кетуді талап еткен. Осыдан кейін шекарашылар мен тұрғындар сөзге келіп, қалған. Тәжік шекарашылары әуеге оқ атқан», - деп хабарлайды қырғыз шекара қызметі. Ал Исфара әкімшілігінің баспасөз хатшысы Икбол Ильясзода қырғыз шекарашылары тәжік аумағына әдейілеп кірді деп отыр. Қазір екі елдің шекарашылары арасында келіссөз жүріп жатыр. Шекара маңындағы тұрғындар Баткен және Соғды облысы басшыларының келуін талап етуде. Қырғызстан мен Тәжікстан шекарасы 970 шақырымды алып жатыр. Оның тек 519 шақырымы ғана бекітілген.

Антрактика мен Гренландия аралдарындағы мұз қабаттарының еруіне қайталай зерттеу жүргізген Британия мен АҚШ ғалымдары теңіз-мұхит су деңгейінің көтерілуі біз шамалаған мөлшерден екі есе артық болатынын болжады. Ғалымдардың соңғы тұжырымына сәйкес, мөлшерден екі есе артық қышқыл газының мөлшерін азайтпасақ, 2100 жылға барғанда ауаға шығарылатын көмір қышқыл газының мөлшерін су астында қалып, бірнеше жүз млн Лондон, Нью-Йорк, Шанхай секілді алып мегаполистер су астында қалып, адамның қоныс аударуына тура келеді. Биыл Давоста өткен Дүниежүзілік экономикалық форумда БҰҰ бас хатшысы Антониу Гутерреш әлем экономикасына төнген ең үлкен қорқыныш – климат өзгерісі деп көрсетті. АҚШ Ұлттық ғылым академиясының болжауынша, егер көмір қышқыл газының ауаға шығарылуы осы деңгейде қала берсе, 2100 жылға барғанда Жер бетінің орташа температурасы 5 градус жоғарлайды. Соның нәтижесінде теңіз-мұхиттардың су деңгейі 62 метрден 238 метрге дейін көтеріледі. Бұл дегеніміз, құрлық жер аумағынан 1 млн 790 мың шаршы шақырым аумағы су астында қалатынын көрсетеді.

Қазақстанның Түркиядағы елшілігі Анкарада алда келе жатқан кезектен тыс президенттік сайлау мен оған дайындық шаралары жөнінде баспасөз жиынын өткізді. Басқосу барысында қазақстандық тарап БАҚ өкілдеріне Қазақстандағы президенттік сайлау заңнамасы, науқаны мен үміткерлер жайлы жан-жақты ақпарат беріп, қос тарап кезектен тыс президенттік сайлаудың өту барысын талқылады. Кездесуде журналистер Қазақстандағы діни ахуал, Орталық Азиядағы ынтымақтастық үрдісі, Жібек жолы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Қазақстанның БҰҰ Қауыпсіздік кеңесіндегі төрағалығы және екі ел арасындағы сауда-саттық тақырыптары төңірегінде ой бөліскен.

qazaqtimes.kz

СОСТЯЗАЛИСЬ РОБОТЫ

На базе Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган прошел областной отборочный этап олимпиады по робототехнике WRO-2019.

В соревнованиях приняли участие 42 команды со всего региона. За звание победителей сражались участники 5-11 классов Алматинской области. Ребята демонстрировали творческие проекты роботов в трех возрастных группах, футбол роботов, сумо роботов. А также в основной категории выполняли соревновательные задания в трех возрастных группах.

По итогам турнира 1 место заняли: ребята из Жамбылского района

Галымбекұлы Жігер и Адалбекұлы Ернар, Нам Денис и Елемес Алимур из Детского центра интеллектуального развития NEXTRBOT, а также четыре команды Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган, в составе которых Кожагулов Али и Аманжол Алихан, Филимонов Даниил и Пак Элина, Бакиева Амира и Кахно Виктор, Пак Никита и Долженко Ангелина.

27 июня команды будут представлены на Республиканском отборе в городе Павлодар. Удачи!

А. МУРАТКЫЗЫ.

СЕМЕЙНЫЙ СЕРТИФИКАТ ПОЛУЧЕН

В Назарбаев Интеллектуальной школе города Талдыкорган завершился курс программы «Крепкая семья». 15 мая в Международный День семьи слушатели курса получили сертификаты об окончании.



Программа по укреплению партнерских и доверительных отношений между родителями и подростками длилась четыре месяца. Данная программа охватила учащихся 7-х классов и их родителей.

Каждый возраст хорош по-своему. И в то же время, каждый возраст имеет свои особенности и сложности. Не исключением является и подростковый возраст. По мнению психологов, именно в этом возрасте родителю нужно максимально проявить внимание к подростку.

Раз в неделю кураторы и психологи проводили для нас тренинги. Это очень увлекательные занятия, интересное семейное времяпровождение, полезные встречи. Проект «Крепкая семья» позволил мне еще крепче сплотить семью, понять своих детей, установить новый порядок, распорядок дня. Нам, родителям, нужно многому учиться, знать, идти в ногу с подрастающим поколением, - рассказывает родитель Багдат Окбаев.

Мы прошли 7 разделов, где научились ставить цели, свободно общаться со своими родителями, делиться секретами, просить совета, а также мне стало легко заводить новое знакомство. Я знаю, как ответить на просьбы своих друзей, одноклассников, как вести себя в разных и даже критических ситуациях. Считаю, что данный проект имеет огромную пользу как для родителей, так и для нас, учеников, - поделилась своим мнением ученица 7Д класса Аружан Бертелеева.

Программа «Крепкая семья» была создана Школой здоровья и социального благополучия при университете Оксфорд Брукс, Великобритания. Развитию этого курса способствовали высококачественные научные исследования, проведенные в штате Айова, США, где изучалась эффективность программы.

А. АКЫБАЕВА.

КАК СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА ОБЛАСТНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, В ТАЛДЫКОРГАНЕ В ПАЛАТЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ СОСТОЯЛАСЬ ЕЖЕГОДНАЯ БЕСПЛАТНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ «О НАЛОГАХ ПРОСТЫМ ЯЗЫКОМ: НАЛОГИ 2019», ОРГАНИЗОВАННАЯ РЕСПУБЛИКАНСКИМ ЦЕНТРОМ ПОМОЩИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМ ПРИ ПОДДЕРЖКЕ НПП «АТАМЕКЕН». МЕРОПРИЯТИЕ НАПРАВЛЕННО НА ПОВЫШЕНИЕ ИНФОРМИРОВАННОСТИ СУБЪЕКТОВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА О НОВОВВЕДЕНИЯХ В СФЕРЕ НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ. КОНФЕРЕНЦИЯ СОБРАЛА СВЫШЕ 120 ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ И БУХГАЛТЕРОВ ОБЛАСТНОГО ЦЕНТРА И РАЙОНОВ.

ЕЖЕГОДНАЯ БЕСПЛАТНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ

В работе конференции также приняли участие директор Палаты предпринимателей Алматинской области Нариман Абылшаиков, директор Республиканского центра помощи предпринимателям Дмитрий Казанцев, эксперт департамента торговли НПП «Атамекен» Галымжан Дуанбеков.

«Аналогичные семинары очень важны для предпринимателей и бухгалтеров районов вблизи города Алматы. Постоянное повышение информированности о новшествах в законодательстве, повышение квалификации бухгалтеров, оказание правовой помощи – одна из ключевых задач для нас. Сегодня также собрались члены Клуба бухгалтеров, количество которых насчитывает 220 специалистов», - отметил глава областной Палаты Нариман Абылшаиков.

Ведущий конференции Дмитрий Казанцев в течение пяти часов подробно и «простым языком» объяснял такие темы как, режимы налогообложения, порядок уплаты налогов, проведение налоговых проверок, использование кассовых аппаратов, а также вопросы труда. «Среди основных нововведений это – внедрение онлайн кассовых аппаратов. Я считаю, что это большой шаг Казахстана в сторону цифровизации. Про единый совокупный платеж многие думают, что это налог на безработных. На самом деле это не так. Это, по сути, легализация малого бизнеса, которые оказывают услуги физическим лицам. То есть, им нет необходимости открывать ИП, сдавать отчеты. Будет только налог, который для областных центров составляет 1 МРП, для населенных пунктов половина этой суммы», - рассказал Дмитрий Казанцев.

По мнению спикера, все изменения в законодательстве позитивное влияние на деловой климат. «Для тех, кто работает и работал в «чистую» все эти изменения идут в плюс, и в действительности улучшает бизнес-среду. Кто работает в «черную», не до конца показывает свои обороты, для них эти нововведения являются проблемой. Возьмем электронную торговлю. Государство создает возможности. Если вы занимаетесь легально, официально, то никаких налогов вам платить не нужно», - сказал он.

Ш. БАТЫРОВ.

ПОРЯДОК ПРЕДЪЯВЛЕНИЕ ИСКА

Предъявление иска в исковом производстве, как и обращение в суд с заявлением в неисковых производствах, является составным элементом более широкого конституционного права - права на обращение в суд за судебной защитой своих прав и свобод, закрепленного в пункте 3 статьи 13 Конституции Республики Казахстан.

Основное количество гражданских дел в судах общей юрисдикции рассматривается в порядке искового производства - это дела, возникающие из гражданских, семейных, трудовых, жилищных, финансовых, хозяйственных, земельных и других правоотношений, а также дел особого производства (п. 3 ст. 1 ГПК).

Предъявить иск - это значит обратиться в суд с заявлением, в котором должна содержаться просьба к суду о рассмотрении возникшего спора о праве. Однако, чтобы было возбуждено гражданское дело, недостаточно только подачи в суд искового заявления. Судья должен решить вопрос о принятии его к производству суда в соответствии с законом.

В новом ГПК расширен и изменен состав условий реализации права на предъявления иска.

Однако, практически форма и содержание искового заявления оставлены прежними, внесено изменение о том, что при подаче искового заявления в заявление должно быть указаны сведения о соблюдении досудебного порядка обращения к ответчику, если это установлено законом или предусмотрено договором.

По новому ГПК к исковому заявлению необходимо прилагать документ, подтверждающий направление ответчику или его представителю, третьим лицам копии иско-

вого заявления и приложенных к нему документов; документы, подтверждающие соблюдение досудебного порядка урегулирования спора, если этот порядок установлен законом или предусмотрен договором; ходатайства истца об истребовании доказательств, если доказательства находятся у ответчика или третьего лица; копии устава, свидетельства или справки о государственной регистрации (перерегистрации), если иск предъявлен юридическим лицом.

Предусмотрено, что в случае не соблюдения требований к форме и содержанию искового заявления, а также к требованиям по представлению документов, в частности документа, подтверждающего направление ответчику или его представителю, третьим лицам копий искового заявления и приложенных к нему документов; документа, подтверждающего уплату государственной пошлины; доверенности или иного документа, удостоверяющего полномочия представителя; документа, подтверждающего соблюдение досудебного порядка урегулирования спора, если этот порядок установлен законом или предусмотрен договором;

иск подлежит возвращению.

Гульнара САДЫКОВА,
главный специалист-секретарь судебного
заседания СМЭС.

ТРУДОВЫЕ СПОРЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

На сегодня защита трудовых прав граждан Республики Казахстан является одним из основных направлений трудовой политики Республики.

С помощью трудового законодательства граждане реализуют не только свой принцип свободы труда в соответствии со статьей 24 Конституции Республики Казахстан, но и право на выбор профессии, занятий, а также выбор места работы. Конституция Республики Казахстан закрепляет право граждан на индивидуальные и коллективные трудовые споры с использованием установленных законом способов их разрешения, включая право на забастовку (ст.24 п. 3).

Все работники в Республики Казахстан работающие в организациях, реализуют принцип свободы труда через трудовое законодательство путем добровольного заключения трудового договора (контракта). Трудовое законодательство в то же время является и юридическим фактом реализации работниками других трудовых прав и обязанностей добросовестно трудиться в избранной сфере деятельности.

Это положение объективно необходимо, поскольку, к сожалению, не всегда трудовые отношения складываются и реализуются бесконфликтно. Между работниками и работодателями, являющимися субъектами с интересами часто несовпадающими, а в ряде случаев противоположными, не-

редко возникают различного рода разногласия. Все они возникают из тех или иных действий, которые потерпевшая сторона намерена рассматривать в качестве правонарушения. Поэтому трудовой спор может возникнуть без наличия в его основе правонарушения. Например, работник, уволенный в связи с его отказом от перевода в другую местность вместе с организацией, оспаривает это решение работодателя, считая увольнение незаконным. В основании этого трудового спора, по мнению работника, лежит правонарушение. Но в тоже время, нам известно, что данный случай расторжения договора предусмотрен ст. 26 Закона о труде. Таким образом, виновность другой стороны, а также противозаконность действий, послуживших основанием для указанных разногласий устанавливается не сторонами спора, а специально созданным для его разрешения органом либо судом.

Но далеко не всегда разногласия между субъектами трудового права проходят стадию рассмотрения в этих юрисдикционных органах. Стороны трудового конфликта могут вообще не пытаться разрешить его, а могут урегулировать его самостоятельно. В таких случаях считается, что трудовой спор отсутствует, поскольку необходимым условием для того, чтобы считать разногласие трудовым спором является заявление в юрисдик-

ционный орган о его разрешении. Так, например, если работник не оспаривает свое увольнение по основанию о сокращении численности штата, которое фактически работодателем не осуществляется, а увольняется и устраивается на другую работу, то в данном случае трудовой спор не возникает, хотя правонарушение со стороны работодателя очевидно. Трудовой спор связан с разногласиями сторон трудового правоотношения.

Таким образом, не во всех случаях правонарушение имеет своим следствием трудовой спор, а в основе трудового спора не всегда лежит правонарушение. Трудовой спор связан с разногласиями сторон трудового правоотношения.

Можно сказать, что каждый трудовой спор является индивидуальным равно как и трудовые отношения, из которых он возникает. Но все трудовые споры классифицируются по субъектам и по предмету трудового спора.

Самал КАЛИМОЛДИНОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.



Ол үшін әуелі тіл құдіреті, сөз құдіреті туралы сөз тоқтала кеткеніміз артық болмас. Заманында Алаш баспасөзінің атасы атанған Ахмет Байтұрсынұлының: «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады», – деп шырылдап өткенін білеміз. Ол осылайша елдің ел болып тұруындағы ең негізгі алғы шартты атады. Тамыршыдай тап басты. Ал кейіндеп осыған ұқсас тұжырымды классик жазушы Мұхтар Әуезов те өсиеттеді. Ол: «Туған елінің тарихын, әдебиетін, тілін білмеген ұлт – ұлт болып жарымайды», – деп ұлы Ахаңның әдепкі пікірін толықтыра түсті. Бұл байлам бойынша ұлтты саналы түрде бір адам бейнесінде елестетсек, оның қадір-қасиеті, ар-ұжданы, әрі-беріден соң қаны мен жаны сөз екенін бағамдайсыз. Бұдан да сөздің құдіреті аңғарылады.

Сөздің құдіреті демекші, атам қазақ «Сөзге аспандағы бұлт та азады» демей ме?! Оған бала күнімізде жиі еститін «Сол елде бөленше деген молда болыпты. Түгенше байдың жалғыз қызы шілдеде ұзатылғанда, әлгі молдекең жасау артқан көштің үстіне бұлт байлапты. Алланың құдіреті-ай, еш ыстық сезбей жетіпті», – деп келетін әңгімелер куә еді. Ең қарапайымы тасаттық беруді айтыңыз. Онда да бұлттың сөзге азуы, иуі. Мұндағы хикмет те құранның – Алла сөзінің құдіретінен-дүр.

Енді бір мысал келтірелік. Жапон ғалымы Масару Эмото жайлы естіген боларсыз? Ол оншақты жылын жалғыз ғана тәжірибеге сарп еткен ғалым. Ең қызығы, оның зерттеу нысаны сөз «тыңдайтын» су жайлы еді. Сол жұмыстың барысын қысқаша баяндасақ: бірдей мөлшерде бірнеше әйнек ыдысқа су құйып, белгілі температурада қатырады да әуелі ешқандай дыбыс берілмеген күйінде жеке-жеке суретке түсіріп алады. Кейін әрқайсысына әртүрлі сөз айтып, суретке қайта түсіреді. Осыдан соң екі суретті салыстырып қарағанда, дыбыс берілген суда ғажайып сызбалар пайда болады. Суға айтылған әдемі-әсерлі сөздердің кристаллдары да сондай әдемі көрініс көрсеткен. Мысалы, әйнек ыдысқа құйылған суға ер-әйел махаббаты жайлы сөз жазып жабыстырып қойғанда, үлкен кристалл кіші кристаллды қоршап тұрғандай бейнеде, отбасы махаббаты жайлы жазған сөзді жабыстырғанда бір қабат, тағы бір қабаттың үстіне түсіп тұрғандай көріністе болған. Және осындай мындаған тәжірибе нәтижесіне қарап, ғалым «су сөзді түсінеді» деген қортындыға келген.

Міне, сөздің құдіреті! Ал бұны данагөй бабаларымыз баяғының бай бір заманында байқапты. Өйтпесе, «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп бүтін бөтуәсін рәсуе етпесе керек-ті. Иә, сөз – ырыс, сөз – қуат. Мұны қазақ тағы «Жақсы сөз жан семіртеді» деп нақтылай түскен. Бұл енді сөздің жанға сіңуі жайындағы әңгіме. Мәселенки, сөздің тамырдағы қан арқылы басқа дене мүшелеріне жеткізілетіні қазіргі медицинада да расталған. (Мұндағы қан сөзді судың қасиетіндей сіңіріп, тамырдағы ағыс арқылы тасымалдаушы – Қ.Қ.).

Оны айтамыз-ау, қазақ емшілігіндегі суға дұға оқып, соны ішкізу арқылы науқасты емдеу де осы тұста айтылар мысал болса керек. Яки, қасиетті Құран сөзін бойына сіңірген су денеге енген бойда таралады. Былайша айтқанда, сол сөзді сіздің әрбір мүшеніз «оқиды». Содан барып ол жақсы сөз жаныңыздың ырысына айналмақ. Бұл ойымызды дана халқымыздың «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді», – деген мақалымен онан ары бекемдей түсеміз. Бұған «Тіл сүйексіз болса да, өзі сүйектен өтеді» деген мақалды үстеп қойыңыз.

Қалай дейсіз ғой, бұнда да сөздің адам денесіне сіңімділігі



тілінде

Орта ғасырда
қазақта төбе

*Би болған Төлейұлы Майқыдан сүбелі де
сүйекті сөз қалған. Содан болар, аузын атса
ұл төгілетін, ойдың тұнығынан сөздің асы-
лын сүзген биді Алаш жұрты «Түгел сөздің
түбі бір, түп атасы – Майқы би» деп
әспеттеді, ардақтады. Сөйтті де сөзден
сүрінсе жүгінерім деп, көңілден бүлінсе бүгілерім
деп абыздың алдына барысыпты. Ал бүгін
ше? Бүтін сөз бөтуәсінен айырылып, қисын-
қиуасы, мәйек-миуасын жоғалтса да еш
саспайтын халге түстік. Эфирден ентігіп,
есіре ескеуілдей сөйлегеннің бәрі шешенге бала-
на бастады. Бәлду-бәлду баянсыз, байынсыз
байлам, тамырсыз, тамитықсыз сөз салтанат
құрғысы келді. Оны тағы күнделікті тұрмыста
көріп те жүрміз. Міне, осы себепті де біз
тағы қолға қалам алдық. Сол арқылы сөзге
салғырт, тілге сүлесок қараған жұртқа ой
сала жүрсек деп шештік.*

қоюда да би сөзіне жүгінетіміз рас. «Құрамалы қорғанды үйің болады» дегеннен бастап, «Ішкенің сары су болады, берсең итің де ішпейді, бірақ адам оған құмар болады», – деп түйілген тұстарына дейін астын сызып оқисыз. Таңғалмасқа лажыңыз болмайды. Қалай заманынан озып туып, болашақты осынша дәлме-дәл болжаған деп таң боласыз.

Сірә, сіз, осы арада Мөңке би айтқан сол болжамға сене отырып, бұл дәйектің тақырыпқа қандай қатысы бар деп ойларсыз. Онда айталық. Сол жырда тағы: «Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар, сөйтіп, ақылы жоқ санасыздың заманы болар», – деп тәпсірленеді. Бұған да қапысыз айтыпты-ау деп бас шұлғи келісерсіз. Себеп те анық. Құнарлы сөздің құнына бойламайтын әріптестеріңізді ойлап бір, қысқа қайырым тілдесудің өзінде қарапайым қисыннан қырық сүрінетін кейінгі інілеріңді көріп екі

қынжыласыз. Мысал дейсіз бе? Қазірде жұрттың дені орынды-орынсыз көптің «құлағына алтын сырға» таққыш-ақ. Содан ғой қарасирағына бұт артып қалбаң қаққан қайыршыдан мінбердегі министрге дейін құлағы «алтынға» жарып-ақ қалғаны. Бұл туралы кезінде өзге басылымдарды атамағанда, «Қазақ әдебиеті» газетінде Төлен Рамазанұлы есімді автор арнайы тоқталып, соқырға таяқ ұстатқандай тиянақты пікір айтқан-тұғын. Әрі аталған тіркесті ата-бабаларымыздың «естіп ұғып ал» мағынасында емес, керісінше «бұл сөзді естімей-ақ қой» деген мағынада қолданғанын дәйектегенді. Одан «аяғын тартқан» журналист болса, қанеки? Оны аз десеңіз, қазірде интернеттегі иін тірескен ақпараттың ауданы «жаға ұстатқыш» болып кеткелі қашан?! Өншінің шашын бояғаны да, тамаданың тамағын ауыртып алғаны да «жаға ұстатады». Мұнан

соң қалай қынжылмайсың? Тіпті, кейде ағаларымыздың «есі дұрыс сөз қалмаған ба» деп күйіп-пісіп, кіжініп отырғанын көреміз...

Мәселен, күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген «сұлба» сөзіне ден қоялықшы. Байқасаңыз, бастапқы мағынасы мейлінше бұрмаланған. Болмаса, күні кешегі кержақтың кері саясатының кесірінен өзге де мәйекті, мазмұнды сөздеріміз секілді жорта қиянатқа ұшыраған ба екен, әйтеуір, ілкідегі алып сөз бүгін кісі танымас міскіннің хәлін кешуде. Сенбесеңіз, оның түп-төркініне үңіліп көріңіз. Аты мәшһүр «Шипагерлік баянда» «сұлба» сөзі – тақ иегері, болашақ сұлтан мұрагері деген мағынаны білдіреді делініпті. (Тиісінше сұлтан қызы «сұлға» аталған). Енді, ойлаңызшы: кешегі мен бүгінгі екі сөзде жер мен көктей алшақтық бар ма, бар!

Сөздің мәртті келгенде тағы айталық. Қазірде екі аттасақ, екі қимылымыздың бірі өз-өзінен «мәнерленіп» кететіні бар. Жұрттың бәрі мәнерлеп сырғанайды, мәнерлеп жүзеді, мәнерлеп ойнайды... Қойшы, әйтеуір, мәнерленіп мәні кетпеген мәз дүние қалмағандай. Бара-бара бай-батшаның баласы да мән-е-е-ерлеп жылайтындай. Ал осы «мәнер» сөзінің ою-өрнекке қатысты екенін арғы атасы нақшш, айшық, бағдар сынды бірқыдыру сөзбен туысатынын ескерген кім бар? Ескерсе, мұндағы бір өнердің мүсініндей болып мөлдіреп тұрған мәнеріңізді андағы ұсқынсыз мәнерге айырбастар ма еді, айырбастамас па еді, кім біліпті?

P.S. Осы мақаланы жазып отырғанымызда мына бір ақпарды көзіміз шалып қалғаны бар. Мәдениет министрлігінің өкілі қазақ тіліне жаңа 27000 термин енгізілгенін хабарлады. Әп дегенде бұл жаңалыққа не қуанарымызды, не қуанбасымызды білмей дағдарып қалғанымыз рас. Қуанатынымыз – Әуезов, Аймауытов, Кекілбаев болып қаламынан сөздің сөлін ағызып жазғанда таусылмаған, түбіне бойлатпаған қазақтың сөзі тағы да молығады, молаяды екен дестік. Сөйтіп, теңіздей қазақ сөзіне телегейіленіп келіп бір өзен қосылды деп сүйіндік. Ал қуанған көңіліміздің сәл басылғаны, барымыздың өзін дұрыс бағалай алмай жүрген біз мұншама көп сөздің қадіріне қашан жөтіп, қай уақытта «игеріп» болар екенбіз деген күмән шіркіннің әлпеті-тұғын...

Қозыбай ҚҰРМАН.

ҚОҒАМҒА КЕЛГЕН ҚАТЕР...


Аллаһ Тағала сізге сынақ етіп берген бұл өмірге көзқарасыңыз оң ба? Жаратушымыз аманат етіп берген денсаулыққа ше, қалай қарайсыз? Ақыретте осы аманатыңыз үшін сұралатыныңызды білесіз бе?

Сандарды сөйлетер болсақ, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, Қазақстанда 100 мың тұрғынға шаққанда 53 кісі өзіне қол салып қаза болады екен. Бұл көрсеткіш Орта Азия елдері бойынша Қазақстанда ең жоғары деңгейде. Иә, жағымсыз статистика. Көңіліңізді түсірері анық. Көбіне өз өмірін қиюшылардың қатарында жасөспірімдер тұр.

Жасөспірімдер – қоғамның әлсіз буыны. Аңғал, сенгіш, тәжірибесіз, өмірдің кез келген құбылысын жанына жақын қабылдайды. Әлі келмеген, күші жетпеген, ақыл таппаған, жалғыз қалған тұста өлімге жүгіреді. Жастардың осы жолды таңдауына не себеп деген сұрақ әрбіріміздің көкейімізде туындайтыны анық. Баланы суицидке әртүрлі жағдайлар итермелейді. Ең басты себебі – олардың жалғызсырауы. Қиналған сәтте жанына жақын адам таба алмауы. Қоғамда жасөспірімдер тәрбиесімен айналысып, бағыт-бағдар беретін, оның өтпелі кезеңіндегі жан дүниесіндегі толқуларды түсінуге тырысып, көмек беріп жатқан ешкім жоқ. Мұның соңы жастардың өз-өзіне қол жұмсауына әкеп соқтырып отыр. Суицидті мінез-

құлық белгілері көрінетін жасөспірімдермен тек арнайы даярланған мамандар ғана емес, кез келген ересек (ата-ана, педагогтар) жұмыс жасай алады. Психологиялық тұрғыда оларға кез келген істің шешімі бар деп барынша көмек береміз, өмірге деген ойын өзгертуге тырысамыз. Ал біздіңше, бұл проблеманың шешімін Ислам дінінен іздеген мақұл. Өйткені Жаратушы Иеміз өз құлдарының жағдайын кез келген пендеден әлдеқайда жақсы біледі. Адам бала-сына ненің пайда, ненің зиян екенін де Алла тағаладан артық білер ешкім жоқ.

Ал өз өмірін өлімге қиюдың шариятымыздағы үкіміне келсек, Ислам дінінде жазықсыз адамды өлтіру немесе өзін-өзі өлімге қию – Алланың ашуы мен аса ауыр азабына себеп болатын ауыр күнә. Себебі, Ислам дінінің, қасиетті Құран мен хадистің көрсетуінше, адам баласының орны жаратылыс атаулының бәрінен де жоғары, әрі үстем. Мейлі ол әйел болсын, еркек болсын, көрі болсын, жас болсын, әрбір адам қадірлі және құрметті. Демек, адам өз өмірін оп-оңай қия салатындай сұраусыз, іздеусіз, бостан-бос жаратылыс емес. Қасиетті Құранда: **«Біз**



адам баласын ардақтадық...», «...оларды басқа жаратқандарымыздан әлдеқайда артық жараттық» («Исра» сүресі, 70-аят), – делінген анық аяттар бар. Сондықтан, әрбір жанның өмірі де өте қымбат. Оның өміріне қол суғуға, ар-намысына тиюге, малына зұлымдық жасауға, еркінен айыруға дінімізде рұқсат жоқ. Тіпті, адам өмірінің қымбаттығы сонша – жазықсыз бір адамды өлтіру бүкіл адам баласын өлтірумен паралап (Маида/32).

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өзін-өзі өлтіру көрсеткіші бойынша әлем елдерін үш топқа бөледі:

1. Өзін-өзі өлтіру көрсеткіші өте төмен елдерге (100 мың адамнан жылына 10 адам). Оған Грекия, Италия, Гватемала (0,5), Филиппин (0,5), Албания (1,4), Доминикан республикасы (2,1), Армения (2,3) жатады.

2. Өзін-өзі өлтірудің ең төменгі көрсеткіші мұсылман елдерінде. Айталық, Мысырда (0,03), Кувейт (2,1). Африка елдерінде де бұл көрсеткіш жоққа тән.

3. Өзін-өзі өлтіру көрсеткіші орташа елдерге (100 мың адамнан жылына 10-20 адам). Аустралия, АҚШ-ты (10,4) жатқызуға болады.

4. Өзін-өзі өлтіру көрсеткіші жоғары және өте жоғары елдер (100 мың адамнан 20-дан көп адам). Жапония (27,1), Венгрия (35,9), Эстония (40), Ресей (39,4 – жыл сайын 60 мың адам), Литва (42,1), Латвия (42,5).

Қазақстанда жасөспірімдер арасында суицид өршіп тұрған аймақтар:

Шығыс Қазақстан облысында – 25,

Алматы облысында – 22,


Қарағанды облысында – 21,

Оңтүстік Қазақстан облысында –19, Ақмола облысында –18, Ақтөбе облысында –18, Жамбыл облысында –16.

Бұл өмірде әр адам әр сәт сайын қиын жағдайлармен бетпе-бет келіп жатады. Бірақ, олардың ешқайсысы текке кетпейді. Иманды жанның бұл дүниедегі тартқан азаптары мен көрген қайғы-мұңдары арғы өмірде мәңгілік бақытқа айырбасталатыны пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде білдірілген. Ендеше, адам баласының бұл өмірде белгілі бір мөлшерде қасірет тартуы заңды құбылыс. Оған иман тұрғысынан қарауымыз керек. Өйткені, Алла тағала жай адамға ғана емес, барша пайғамбарларға да небір адам төзгісіз сынақтар берген. Дінге сенімі бар адам өмірдің қиындықтарын сынақ деп біледі. Әрбір қиындықтан кейін жеңілдіктің келетініне сенеді. Құдайдан үмітін еш үзбейді. Сабыр етеді. Ең қиын сәттерде де өзін өлтіруге бармайды.

Өтпелі қиыншылықтар үшін Алланың адамға берген өмір атты ұлы аманатына қиянат жасауға бола ма? Өзімізді ауыр азапқа тастауымыз жөн бе? Сондай-ақ, өзін-өзі өлтіру тек қара басын ғана ойлайтын нағыз эгоисттердің ісі. Өйткені, олар өз басына түскен қиыншылықтан құтылу үшін жандарын қияды. Ал артында жүректері езіліп, еңіреп қалған ата-анасын, туыстарын ойламайды. Жалпы қоғам үшін де бұл оңай іс емес. Сондықтан, Алла бұл дерттің бетін елімізден аулақ етсін!

Г. ЕРДАУЛЕТОВА.



МАМАН БАҒАНЫ

ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯНЫҢ САҚТАЛУЫ

Алматы облысы бойынша табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Департаментінің (бұдан әрі – Департамент) 25.04.2018ж. №76-ОД бұйрығымен «Көксу таза су» МКК тарату желілері арқылы су беру қызметтерін көрсету үшін табиғи монополиялар субъектілерінің жергілікті бөлімі ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен.

Департаменттің 15.10.2018ж. №325-ОД (Балпық би, Талапты, Мұқыры, Қызыларық, Мәулембай, Жетіжал, Жарлыөзек, Мамбет, Ақтекше, Жамбыл, Алғабас ауылдары) және 15.10.2018ж. №324-ОД (Көксу бекетінде, Еңбекшіқазақ ауылдары) бұйрықтарына сәйкес, «Көксу таза су» МКК-ның тарату желілері арқылы су беру және сарқындар суларды бұру қызметтері бойынша тарифтік сметасы бекітілген.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (27.12.2018ж. күшін жойған) 7-бабы, 7-2) тармақшасына сәйкес, аталған Заңның 6-бабы 5-2) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда табиғи монополия субъектілерінің міндеті тарифтік сметаны орындауы болып табылады.

Сондай-ақ, Заңның 14-1-бабы, 1-тармақшасында неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды өткізуге, реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерін табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша қысқартуға байланысты, конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша шығындарды үнемдеу жағдайларын, қоспағанда, тарифтік сметадағы шығындар баптарының үкілетті орган бекіткен мөлшерлердің бес пайызынан астамын орындау жағдайларында табиғи монополия субъектісі тұтынушыларға келтірген залалдарды өтеу үшін уақытша өтемдік тарифті бекіту тура-

Аудан прокуратурасы 2018 жылғы табиғи монополиялар туралы заңнаманың сақталуы бойынша «Көксу таза су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның (бұдан әрі – «Көксу таза су» МКК) қызметіне талдау жүргізді.

лы шешім қабылдауға міндетті деп көрсетілген.

Алайда, «Көксу таза су» МКК тарифтік сметаны орындау кезінде тарату желілері арқылы су беру қызметтерін көрсету үшін Балпық би, Талапты, Мұқыры, Қызыларық, Мәулембай, Жетіжал, Жарлыөзек ауылдары және Көксу бекетінде 610,68 мың теңгеге, Мәмбет, Ақтекше, Жамбыл, Алғабас ауылдарында 2 062,82 мың теңгеге және Еңбекшіқазақ ауылында 1,01 мың теңгеге орындамаған.

Бұдан бөлек, сарқынды суларды бұру қызметтері бойынша Балпық би ауылында 4 160,01 мың теңгеге тарифтік смета шығындарының баптары толық жасалмаған.

Демек, Департаментпен бекітілген тарифтік смета шығындарынан артық жұмсауы 5% құраған, яғни 6 834,52 мың теңге.

Жүргізілген талдау нәтижесі бойынша аудан бойынша 8153 абоненттің құқықтары бұзылғаны анықталып, аудандық прокуратурасының еңгізілген ұсынысы негізінде Департаменттің 2019 жылғы 28 ақпандағы № 77-НҚ бұйрығымен «Көксу таза су» МКК Еңбекшіқазақ, Балпық би, Талапты, Мұқыры, Қызыларық, Мәулембай, Жетіжал, Жарлыөзек ауылдары және Көксу бекетінде, Мәмбет, Ақтекше, Жамбыл, Алғабас ауылы бойынша суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне 2019 жылдың 1 сәуірінен бастап уақытша өтемдік тарифі бекітіліп, тарифті төмендету арқылы 8 153 тұтынушының құқықтары қорғалған.

А. БЕКЕЕВ,
Көксу ауданының прокуроры,
әділет кеңесшісі.

КЕЗДЕСУ КЕШІ

ҚЫРЫҚҚҰДЫҚ АУЫЛДЫҚ КІТАПХАНАСЫНДА ӨЛКЕТАНУ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША «ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮЛЕГІ» АТТЫ АҚЫН, ЖУРНАЛИСТ ҚҰСАЙЫН ОСПАНҰЛЫ БЕЙСЕБАЙДЫҢ 65 ЖАСҚА ТОЛУЫНА ОРАЙ КЕЗДЕСУ КЕШІ ӨТКІЗІЛДІ. КЕШКЕ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАР ҚАТЫСЫП, ЖИЫННЫҢ ҚЫЗЫҚТЫ ДА МӘНДІ ӨТУІНЕ АТСАЛЫСТЫ.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮЛЕГІ

Туған өлкеміз бен өңіріміздің әдеби дамуына үлес қосқан азаматтарымыздың еңбектерін бағалап, құрмет көрсету баршамыздың борышымыз екендігін насихаттау мақсатында өткізілген бұл шараға «Жаркент өңірі» газеті редакторының орынбасары, Қазақстан журналистер Одағының мүшесі Құсайын Бейсебай зайыбы Айнақұлмен бірге және ақын «Арқас алауы» әдеби бірлестігінің төрағасы Сүлеймен Керімбековпен тағы басқа қонақтар қатысты.

Жаркент орта мектебінің мәжіліс залында өткізілген кездесу кешімізде күмбірлеген күй ойнатылып, сахна төріне ақын Құсайын Оспанұлы Бейсебай арнайы шақырылды. Ақынның өмірбаяны және шығармашылығымен ауылдық кітапхананың кітапханашысы Бақытгүл Құсайынқызы таныстырды.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында салт-дәстүрімізді дәріптеп, насихаттау мақсатында ауылдық кітапхана жанынан құрылған «Асыл әжелерім» тобы өздерінің жылы лебіздері мен ақынға деген ізгі тілектерін білдірді.

Кездесу кешінде салт-дәстүріміздің бір көрінісі «Тұсау кесу» рәсімі көрсетіліп, жас сәбидің өмірі сәтті болсын деген ақ тілекпен ақын ағамыз ортаға шақырылып, бүлдіршіннің тұсауын кесті. Өсерлі кеш барысында ауылымыздың «Асыл әжелерім» тобының мүшелері Жұмагүл Тұрықбайқызы, Рашида Мауленбаева, Гүлбаршын Темірғалиқызы, Оразхан Шормаққызы, Зәуре Ахметова апайларымыз ақын иығына шапан жауып құрмет көрсетті. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Диляра Танкисқызына құттықтау сөз берілді. Ақынға мектеп ұжымы атынан сый-сияпат тарту етілді.

Сондай-ақ мектептің «Жасұландары» мен ауылдық кітапхана оқырмандары жыр-сүйер қауымға ақынның әсерлі де мазмұнды жырларымен талайды тамсандырып жүрген өлеңдерін мәнерлеп, жатқа айтты. Өз кезегінде Құсайын Оспанұлы Бейсебай ақын сөз алып, ақ жарма тілегін білдіріп, өз өлеңдерінен бірнеше үзінді оқыды. Оқырмандар арасынан ақынға сұрақтар қойылды. Кітапханамызбен тығыз байланыс жасап жүрген мектеп мұғалімдері Бақытгүл Омарова, Шолпан Өукешқызы, Зулпһар Ушров, Арай Уалиева, Айгүл Махметова өз оқушыларымен бірге көкейде жүрген сұрақтарына тұшымды жауап алды.

Жиылған қауымға «Асыл әжелерім» тобы «Ауылым» әнін тарту етсе, мектеп оқушысы Шәріпхан Данияр «Қазағым» әнін орындап, көрермендерді тамсандырды. Ауылдық мәдениет үйінің қызметкері Шавкет Якупов «Атамекен» әнін тамылжыта шырқап, қонақтарды бір серпіліп тастады. «Қаламы қарымды қаламгер» атты кітап көрмеге библиографиялық шолу жасалынды. Аудандық кітапхананың қызметкері Кенже Сейтнұрқызы қорытынды сөз сөйлеп, өз алғысын білдірді. Кеш тартымды өтті.

Ұлбала ӘБДІҒАЛИҚЫЗЫ,
Қырыққұдық ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Дүйсенбі - Понедельник, 27 мамыр

 ҚАЗАҚСТАН	20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20.45, 23.00 Сериал «Братаны 2» 22.00, 02.25 «П@УТИНА» 00.30 Ночной кинотеатр «СУФ-ЛЕР» 01.35 «Мужское / женское»
 КТК	07.05 «Дау-дамайсыз» 07.30 Т/х «Қайсар жесір» 08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар» 09.30 «Юрмала» 10.50 Х/ф «Ты мой свет» 12.50 Х/ф «Последний в роду» 14.45 Х/ф «Письма на стекле» 16.40, 01.20 Т/х «Өгей ана» 18.00 Т/х «Махаббат пен жаза» 19.30 Кешкі жаңалықтар 20.00, 03.25 «Астарлы ақиқат» 21.00 Вечерние новости 21.40 «Лесник», детектив 23.40 Х/ф «Алжир» 04.10 «Әйел қырық шырақты» 04.50 «Көріпкел» 05.40-06.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН» ойын-сауық
 ХАБАР	
06.00 «Тамаша» 07.00, 10.00 М/с «Тобот» 07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар» 08.00, 12.00 Жаңалықтар 09.00, 13.00 Новости 10.20 «Робот и Фрэнк» 12.10 «Біздің назарда» 12.30 Д/ф «Мектеп» 13.10 «Дыши со мной» 15.00 ток шоу «Давайте говорить» 15.50,21.40 «Ғашық жүрек» 16.45 «Тағдыр тартысы» 17.15 Фильм «Бір туынды тарихы» 17.45 «Bilim» 18.15 , 00.20 «Ережесіз әңгіме» 19.00 «Бақытыма сенемін» 19.30 Т/х «Шашу» 20.00, 23.50 Қорытынды жаңалықтар 20.35 «Online» 21.00 Итоги дня 22.30 Т/с «На крыльях любви» 23.20 «Бетпе-бет» 01.10 «ХабарLine» 01.40 «Әсем әуен»	

 АСТАНА	06.00 «Kaznet» 07.00 Разминка с Аружан 07.10 Аружанмен бой жазу 07.20,21.00 «Тандауым сен» 08.20 «Біздің уақыт» 09.05 М/ф «Маша и медведь» 10.30 «Черный цветок» 11.30, 22.00 Т/х «Абысындар» 12.30. «Үздік әндер» 13.15 «Избранное за неделю» 14.00 Күндізгі жаңалықтар 14.20 «MoneyTime» 14.40 «Тенгемания Next» 15.00 Т/х «Тракторшы махаббаты» 16.00 «Тұрсынбек қабатовтын концерті» 18.00 Т/х «Қыз ғұмыры» 19.00 Т/х «№309» 20.00, 03.00 Жаңалықтар 20.30, 03.30 Новости «20.30» 23.30 «Бір туған» 00.30 Т/х «Қара нан» 02.30 «Ән мен әзіл»
 31 КАНАЛ	05.00, 06.00, 10.00 Т/с «Жігіттер» 06.30 «Лунтик» 07.00, 20.00 Информбюро 08.00,23.00 «Әзілдер жинағы» 11.00,21.00 Сериал «Жарығым - ай» 13.00 «Большой и добрый великан» 15.50 Х/ф «СУПЕРСЕМЕЙКА» 18.30 Сериал «Ольга» 23.30 Кино «Исходный код » 01.00 «Келіндер бәйгесі» 01.40 «Ризамын» 03.30 «Әзіл студио» 04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

 АСТАНА	06.00, 20.00, 03.00 Жаңалықтар 06.30, 20.30, 03.30 Новости «20:30» 07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары 07.10Разминка с Аружан 07.20, 21.00 Т/х «Таңдауым сен» 08.20 Мультфильм 10.00 Т/с «Аквастория» 11.00, 20.00 Т/х «Абысындар» 12.30 «Айхай-25» концерт 14.00Күндізгі жаңалықтар 14.20 «Moneytime» 14.40 «ТенгеманияNEXT» 15.00 «Тракторшының махаббаты» 16.00 «Өкініш» 18.00 Т/х «Қыз ғұмыры» 19.00 «№309 түрік телехикаясы» 23.30 «Бір туған» 00.30 Т/х «Қара нан» 02.30 «Ән мен әзіл»
 7 КАНАЛ	06.00 «Қыздар арасында» 06.30, 19.10, 03.00 Т/х «Элиф» 08.30 «Агент Коди Бэнкс-2 Пункт назначения - Лондон» 10.30 Сериал «Замуж после всех» 14.30,18.00 «Әкесінің баласы» 15.00, 03.45 «Өз ойым» 17.00 «KЗландия» 21.00 Лотерея 777 21.05 «Город особого назначения» 23.10 Сериал «СПЕЦОТРЯД «КОБРА 11» 00.10 «Преступник» 02.00 «Гадалка» 05.00 «Жеңіп көр»

 ЕВРАЗИЯ	06.00 «Той базар» 06.40, 04.10 «Той заказ» 07.10 «TAMADA BATTLE» 08.00 «Доброе утро» 11.00 «Поле чудес» 12.00 «Қалаулым» 15.00 Сериал «Мама Лора» 16.55 «Пусть говорят» 18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 18.45, 03.10 Пендемiз ғой
--	---

Сейсенбі - Вторник, 28 мамыр

 ҚАЗАҚСТАН	06.05 Концерт 06.35 «Элвин мен Алақоржындар» 07.00 «TANSHOLPAN» 09.00AQPARAT 10.00«Айдар» 10.15 «Пороро және оның достары» 10.40, 19.00 Т/х«Қайран күндер» 11.40 «Qyzyq eken...» 12.35 «JAN JYLYY» 13.00, 17.00, 20.00, 00.45AQPARAT 13.10, 20.40 Т/х «Қызыл алма» 14.10 «Көңілашар» 15.00, 21.40 Т/х «Гүлпері» 16.00 «SHANYRAQ» 17.15«QYZYQ EKEN» 18.05«KONYL TOLQYNY» 22.40 «TUNGI STUDIO» 23.30 «Сәлем, Қазақстан!» 01.20Т/х «Достар» 01.45 Т/х «Қалампыр» 02.30 Т/х «Саған сенемін» 03.15«TUNGI STUDIO»
 КТК	07.05 Кешкі жаңалықтар 07.30 Т/х «Қайсар жесір» 08.30 Т/х «Тағдырқосқанасыл жар» 09.50 Новости 10.30Т/с «Лесник» 12.40, 23.40 Х/ф «Алжир» 14.45Х/ф «Письма на стекле. Судьба» 16.40 Т/с «Өгей ана» 18.00 Т/с «Махаббат пен жаза» 19.30 Кешкіжаңалықтар 20.00 «Астарлы ақиқат» 21.00 Вечерние новости 21.40 Т/с «Лесник» 01.30 Т/х «Өгей ана» 02.30 Т/с «Махаббат пен жаза» 03.30 «Астарлы ақиқат» 04.20 «Әйел қырық шырақты» 05.00 «Көріпкел» 05.50-06.30 «КТК» қоржынынан»
 ХАБАР	
06.00 «Тамаша» 07.00,10.00М/с «Тобот» 07.30, 08.10, 09.10 «Таңғыхабар» 08.00, 12.00 Жаңалықтар 09.00, 13.00 Новости 10.30, 19.30Т/х «Шашу» 11.10, 22.30 Т/с «На крыльях любви» 12.10 «Біздің назарда» 12.30 «Журналистік зерттеу» 13.10 Т/с «Дыши со мной» 15.00 «Давайте говорить» 15.45, 21.40 Т/х «Ғашық жүрек» 16.35 «Мектеп» 17.10«Ұлы дала өркениеті» 18.00 «Народный контроль» 18.15, 00.50«Ережесіз әңгіме» 19.00 Т/х «Бақытыма сенемін» 20.00, 00.20Қорытындыжаңалықтар 20.35«Online» 21.00 Итоги дня 23.20 «Большая неделя» 01.40 «Әсем әуен»	

 АСТАНА	06.00, 20.00, 03.00 Жаңалықтар 06.30, 20.30, 03.30 Новости «20:30» 07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары 07.10Разминка с Аружан 07.20, 21.00 Т/х «Таңдауым сен» 08.20 Мультфильм 10.00 Т/с «Аквастория» 11.00, 20.00 Т/х «Абысындар» 12.30 «Айхай-25» концерт 14.00Күндізгі жаңалықтар 14.20 «Moneytime» 14.40 «ТенгеманияNEXT» 15.00 «Тракторшының махаббаты» 16.00 «Өкініш» 18.00 Т/х «Қыз ғұмыры» 19.00 «№309 түрік телехикаясы» 23.30 «Бір туған» 00.30 Т/х «Қара нан» 02.30 «Ән мен әзіл»
 31 КАНАЛ	05.50, 06.00, 11.30 Т/с «Жігіттер» 07.00, 20.00 «Информбюро» 08.00 Кино. «Исходный код» 10.00, 23.00 «Әзілдер жинағы» 12.30, 21.00 Т/с «Жарығым-ай» 15.00 М/с «Аладдин» 15.30 М/с «Маша и Медведь» 16.00 Т/с «Воронины» 18.30 Т/с «Ольга» 23.30 Кино. «Побег» 01.30«Келіндер бәйгесі» 02.10Ризамын 03.30 Әзіл студио 04.30 Алдараспан. Нысана. Шаншар әзілдері

 7 КАНАЛ	06.00 «Қыздарарасында» 07.00, 19.10, 03.00 Т/х «Элиф» 09.00, 21.05 Т/с «Город особого назначения» 11.10 «Смеяться разрешается» 13.25 Т/с «Раненое сердце» 14.30, 18.00 Т/х «Әкесінің баласы» 15.00 Ток-шоу «Өз ойым» 17.00 Т/с «Замуж после всех» 21.00 Лотерея 777 23.10 Т/с «Спецотряд кобра 11» 00.10 Х/ф «Она» 01.40«Гадалка» 03.45 «Өз ойым» 05.00 «Жеңіпкөр»
--	---

 ЕВРАЗИЯ	06.00 «Той базар» 06.40, 04.10«Той заказ» 07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар» 08.00 «Доброе утро» 11.00Т/с «Захват» 12.00 «Қалаулым» 15.00 Т/с «Мама Лора» 16.55 «Пусть говорят» 18.45, 03.10 «Кеш қалмайық» 20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20.45 Т/с «Братаны-2» 22.00, 02.25«П@УТИНА» 23.00 Т/с «Братаны-2» 00.30 «Суфлер» 01.35 «Мужское/ Женское»
---	--

Сәрсенбі - Среда, 29 мамыр

 ҚАЗАҚСТАН	06.05 Концерт 06.35 М/ф «Элвин мен алақоржындар» 07.00 «TANSHOLPAN» 09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.45 AQPARAT 10.00 «Дала ойындары» 10.00 М/ф «Айдар 5- 6 бөлімдері» 10.00 М/ф «Пороро және оның достары 4 маусым. 23 -24 бөлімдері» 10.40, 19.00 Т/х «Қайран күндер» 11.40, 17.15 «Qyzyq eken...» 12.30 «Жарқын бейне» 13.10 Т/х «Қызыл алма» 14.10 «Көңілашар» 15.10, 21.40 Т/х «Гүлпері» 16.00 «SHANYRAQ» 18.05, 04.10 «KONIL TOLQYNY» 22.40, 02.30 «TUNGI STUDIO» 23.30 «Сәлем, Қазақстан!» 01.20 Т/х «Достар» 01.45 Т/х «Қалампыр» 03.10 Т/х «Саған сенемін»
 КТК	07.05 Кешкі жаңалықтар 07.30 Т/х «Қайсар жесір» 08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар» 09.50 «Новости» 10.30, 21.40 «Лесник», де-тектив 12.40, 23.40 Х/ф «АЛЖИР» 14.45 Х/ф «Письма на стекле» 16.40, 01.30 Т/х «Өгей ана» 18.00, 02.30 Т/х «Махаббат пен жаза» 19.30 Кешкі жаңалықтар 20.00, 03.30 «Астарлы ақиқат» 21.00 Вечерние новости 04.20 «Әйел қырық шырақты» 05.00 «Көріпкел» 05.50-06.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН» ойын-сауық
 ХАБАР	
06.00 «Тамаша» 07.00, 10.00 М/с «Тобот» 07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар» 08.00, 12.00 Жаңалықтар 09.00, 13.00 Новости 10.30, 19.30 Т/х «Шашу» 11.10, 22.30 Т/с «На крыльях любви» 12.10 «Важно знать» 12.35 «Бабалар ізімен» 13.10 Т/с «Дыши со мной» 15.00 «Давайте говорить!» 16.00, 21.40 Т/х «Ғашық жүрек» 16.45 «Тағдыр тартысы» 17.25, 01.10 «Өмір жолы» 18.00 «Біздің назарда» 18.15, 00.20 Тұсаукесер «Ережесіз әңгіме» 19.00 Т/х «Бақытыма сенемін» 20.00 ,23.50 «Қорытынды жаңалықтар 20.35 «Online» 21.00 «Итоги дня» 23.20 Премьера !!! Религия Сегодня 01.40 Әсем әуен	

 АСТАНА	06.00, 20. 00, 03.00 Жаңалықтар 06.30, 03.30 Новости «20:30» 07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары 07.10 Разминка с Аружан 07.20, 21.00 «Тандауым сен» 08.20 М/ф «Маша и медведь» 10.00 Сериал Акватория 11.00, 22.00 Т/х «Абысындар» 12.30 Концерт «Айхай- 25» 14.00 Күндізгі жаңалықтар 14.20 «Moneytime» 14.40 «ТенгеманияNEXT» 15.00 Т/х «Тракторшының махаббаты» 16.00 «Келіндер» жобасы 17.20 «Ел аузында» 18.00 Т/х «Қыз ғұмыры» 19.00 Т/х «№309» 23.30 Бір туған 00.30 Т/х «Қара нан» 02.30 «Ән мен әзіл»
 31 КАНАЛ	05.50, 06.00, 11.30 Т/с «Жігіттер» 05.58, ҚР ӘНҰРАНЫ 06.30,14.30 «Лунтик» 08.00 Кино. «Побег» 10.30, 23.00 «Әзілдер жинағы» 12.30, 21.00 Сериал «Жарығым-ай» 15.00 М/с «Аладдин» 15.30 «Маша и медведь» 16.00 Сериал «Воронины» 18.30 Сериал «Ольга» 23.30 Кино. «Дом летающих кинжалов» 01.30 «Келіндер бәйгесі» 02.10 «Ризамын» 03.30 «Әзіл студио» 04.30 «Алдараспан ,Нысана,Шаншар әзілдері»

 7 КАНАЛ	06.00 «Қыздар арасында» 07.00, 19.30, 03.00 Т/х «Элиф» 09.00, 21.05 Сериал «ГОРОД ОСОБОГО НАЗНАЧЕНИЯ» 11.10, 00.10 «Смеяться разрешается» 13.25 Сериал «РАНЕННОЕ СЕРДЦЕ» 14.30 , 18.00 «Әкесінің баласы» 15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым» 17.00 Сериал «ЗАМУЖ ПОСЛЕ ВСЕХ» 18.50 Лотерея 6/49 21.00 Лотерея 777 23.10 «Спецотряд Кобра 11» 02.00 «Гадалка» 05.00 «Жеңіп көр»
---	---

 ЕВРАЗИЯ	06.00 «Той базар» 06.40, 04.10 «Той заказ» 07.10, 18.00 Басты жаңалықтар 08.00 «Доброе утро» 11.00 Сериал «Захват» 12.00 «Қалаулым» 15.00 Сериал «Мама Лора» 16.55 «Пусть говорят» 18.45, 03.10 Пендемiз ғой 20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20.45, 23.00 Сериал «Братаны» 22.00, 02.25 «П@УТИНА» 00.30 Ночной кинотеатр «СУФЛЕР» 01.35 «Мужское / женское»
---	--

Ақын, жазушы, ғалым, өнер иелері – жаратушының халыққа берген баға жетпес сыйы. Олардың қайталанбас, біртуар туындылары арқылы өзге жұрт белгісіз елді таниды, құрметке бөленеді, ал халқы солардың әлемді тамсандырған шығармалары арқылы рухы үстем елге айналады. Көрнекті ғалым, сыншы, әйгілі сәкентанушы, филология ғылымының докторы, профессор, академик Тұрсынбек Кәкішұлының әдебиет тарихындағы қомақты еңбектері – соның айқын дәлелі. Тұрсынбек Кәкішұлының өмір жолы – ғалымдық жол. Ғалым жолы – азапты да ауыр жол. Осы жолда ол ізденді, еңбектенді, оқыды, жазды, жариялады, насихаттады, ұлт мүддесі үшін күресті және шәкірт тәрбиеледі деп тағысын тағы тізе беруге болады.

ҒАЛЫМДЫҚ ЖОЛЫ

Бүгінде ұстаздардың ұстазына айналған, ұлт руханиятының қорғаушысы атанған Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми еңбектері – бұла бастаудың көзі.

Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиеті – қазақ әдебиетінің күрделі кезеңі. Саяси партиялардың өзара айтысқан, әдеби ағымдардың тартысқан, аянбай майдандасқан кезеңі туралы зерттеу жасау екінің бірінің қолынан келмейтіні хақ. Ал академик Т. Кәкішұлы әдебиеттану ғылымына араласқан сәттен бастап, үлкен тәзім, шынайы ізденіспен әдебиеттанудың қайшылықты, күрделі мәселелеріне бел шеше кірісті, архив кезді. Әдебиет тарихы мен сынына сүбелі үлес қосты. Тасада қалған аяулы тұлғалардың өмір жолдарына қатысты деректер мен шығармаларын жариялады. Ұзақ жылғы ғылыми-публицистикалық еңбегінің нәтижесінде жарық көрген 50-ге жуық кітаптары және мыңға жуық ғылыми мақалалары, сұхбаттары, баяндамалары мен жолсапарлары, мұрағаттық деректерінің легі идеялық-тақырыптық жағынан, мазмұны жағынан, рөлі жағынан алапат еңбектер қатарында.

Қазақ қоғамы мен өзінің сүйікті кәсібіне арымен қызмет еткен академиктің «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1967), «Қазақ совет әдебиетінің тарихы» (1970, Мәскеу, орыс тілінде), т.б. іргелі еңбектерді даярлап, жазысуға қатысқанынан бастап, жеке-дара еңбектері мол. Академик-жазушы С.Мұқанов, ғалымдар Е.Ысмайылов, С.Қирабаевтан бастап, Н.Жуанышбеков, М.Әбсеметовке дейінгі аралықтағы талай оқымыстылардың зерттеулеріне сеп болған Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы мен машақаты мол азапты өмір жолы туралы сөз болғанда Тұрсынбек Кәкішұлын айналып өте алмайсыз. С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізіп, нәтижесінде «Сәкен Сейфуллин» (1967), «Қызыл сұңқар» (1968), «Сәкен Сейфуллин» (Мәскеу, ЖЗЛ, 1972, орыс тілінде), «Сәкен Сейфуллин» (1976, 1997), «Сәкен және Гүлбаһрам» (1994), «Сәкеннің соты» (1994), «Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры» (К.Ахметпен бірге, 1997), «Сәкен сүйген сұлулар» (1997), «Мағжан – Сәкен» (2000), «Сәкен аялаған арулар» (2003) деген еңбектерінде бұрын белгісіз болған көп деректердің сыры ашылды. Сондай-ақ, Сәкен Сейфуллиннің «Қазығұрт» баспасынан жарық көрген 13 томдық шығармалар жинағын шығарушылардың негізгі ұйытқысы болды. Сәкентануға қатысты тек автордың еңбектері мен оған қатысты деректерді жариялап қана қоймай, Сәкен Сейфуллин көшесін ашарда, Алматыдан шығар жерден аяқталатын кішкене көшені үлкен даңғылға айналдырып, ары қарай ұзартқанын бірі білсе, бірі біле бермейді. Бұл ғалымның С.Сейфулинді тек әдебиет әлемінде ғана насихаттау емес, азаматтық тұрғыда насихаттауға дәлел.

Бұлардан басқа әдебиет сынының тарихына арналған «От истоков к вершине», «Сын сапары», «Оңаша отау», «Дәуір дидары», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» ғылыми еңбектері өз алдына бір төбе. Соңғы еңбегі – жоғары оқу орындарында оқулық ретінде қолданылып жүрген бірден-бір негізгі еңбек. Қазақ әдеби сынының жайы жөнінде сөз болғанда жоғары оқу орындарына «Сын тарихы» деп аталатын арнайы курсты енгізгенін мақтанышпен айтамыз. Бұған дейін арнайы оқытылмай, зерделенбей келген саланың алғышартын жасап, ары қарай дамытқаны зор еңбектің көрінісі. Әдебиет тарихы – М.Әуезовтен, әдебиет теориясы – А.Байтұрсынұлынан бастау алса, әдебиет сынының негізін қалаған – Т. Кәкішұлы. Сын тарихына қатысты «Сын сапары», «Оңаша отау» деп аталатын қос кітаптан тұратын еңбегі баспаға бір уақытта тапсырылса да, араға он жыл салып жарық



ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫНЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

АЗАМАТТЫҚ ЖОЛЫ

Теледидар, радиодан сөйлеген сөздерінен, газет-журнал беттеріндегі сұхбат, мақалаларынан, түрлі іс-шараларда, жиындарда айтқан ой-пікірлерінен ел болашағы, ұлт тарихы, ұрпақ мәселесі т.б. туралы айтқан тұшымды тұжырымдарына, ақты ақ деп, қараны қара деп танитындығына ғалымды танитындардың, ғалымды білетіндердің барлығы куә.

Ақынның азаматтық тұлғасы, елі үшін шырылдаған жан дауысы, отанға деген махаббаты «әр сөзі мен әр ісінен анық көрінеді» дейді көзкөргендер. Шәкірті, бірге қызметтес болған дана ұстаз А. Қыраубаева өз естелігінде: 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы тұсында және «Қырып-жойған» жиналыстар, бірін-бірі көзге түрткен ғайбаттаулардан бұл факультет аман болды. Алаңдағы жастардың суретін деканның алдына жайып тастағанда, «танитын студенті жоқ» болып шықты. Жазықсыз балаларды көзге түсірмей, күрке тауықтай қанатының астына басып отырды. Абайсызда шетке шығып қалғаны болса, 103 қайта айналып кеп, ешбір сырғытпасыз орнын тауып жапты. Тағдырдың талқысына түскен шәкірттің тауқыметін реттеуге әкімшілік пен факультеттің екі арасында неше рет жүргенін, неше баспалдақты аттағанын елестету қиын. Соңында, жұрт деканның жүрек талмасымен ауруханаға реттескен естіді» – деп, әркім өзінің қара басын алып қашып жатқан тұста, халықты қолдап, студенттерін қызғыштай қорыған азаматтығын суреттесе, Б. Әлімжанов: «1997 жылы теледидардағы айтысты қайта жандандырудағы қайраты, ақын Жүрсін Ерманды қолдауы да есімде қалыпты. «Айтыс теледидарға шықпай, бүкіл халыққа таралмай, тоқтаңқырап қалды. Міне, енді айтысқа теледидарда жол ашылғалы тұр. Алдымызда айтыс бола ма, болмай ма деген мәселе тұр! Бұдан былайғы жерде айтыстың болу, болмауы сендерге байланысты!» деп, әдетінше сөздің түбін түсіре, кесіп-кесіп айтып еді Тұрсекең!» – деп еске алады. Ұлт мүддесі үшін болған «оқиғадағы» азаматтығы, тарих қойнауына кетуге шақ қалған «айтыстың» жандануына қосқан үлесінің өзі неге татиды. Жалпы қандастарымыздың атажұртына оралуына, ана тіліміздің мәртебесінің көтерілуіне, рухани мұраларымыздың жинақталуына, тарихи тұлғаларымызды қауыштыруда, әдебиетіміздің ақтаңдақ беттерін ашуда Тұрсынбек Кәкішұлының еңбегі зор.

ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Тұрсынбек Кәкішұлының ұстазы – Есмағамбет Ысмайылов. Үлкен ұстаздан үлкен шәкірт шыққан. Ғылымға адал болу, үздіксіз еңбектену – Т. Кәкішұлының ұстазынан дарып, бүгінде шәкірттеріне берілген. Қазақсанның әр түпкірінде, руханияттың әр саласында жүрген шәкірттерінің қатары көп екенін білмейтіндер аз шығар. ҚазҰУ-де тапжылмай жарты ғасыр қызмет істеген уақытта да талай жастардың ғылым жолына түсуіне ықпал еткен. Қазақ әдебиеті тарихы мен сынын зерттеуді мақсат еткен бір топ жастың болашағына бағдар беріп, ұлттық әдеби мұраның жандандыруына түркі болған. Олар: Ж.Дәдебаев, С.Негімов, Б.Әбілқасымов, Б.Әбілғазиев, Қ.Ергөбеков, Ш.Ыбыраев, Б.Майтанов, Ж.Түймебаев, Д.Ысқақұлы, Н.Оразалин, А.Егеубаев, Ә.Әбдиманов, Ж.Смағұлов, А.Бұлдыбаев т.б. қатары көп тұлғалар.

Шәкірттеріне шын ықыласпен, шын жанашырлықпен, үлкен тұлға шығады-ау деген үмітпен жан-жаққа, түрлі қызметке жетектеп апарғандағы еңбегі ақталып отыр. Ұстаздың ұлағатын көріп өскен шәкірттерінің бәрі де қазақ руханиятында өз орыны бар танымал тұлғалар.

Тұрсынбек Кәкішұлының тікелей жетекшілігімен және оппонеттігімен бүгінге дейін елуге жуық докторлық, кандидаттық ғылыми еңбектер қорғалып шыққан. Қазақ-орыс әдебиетінің байланысын зерттеген – Светлана Сагалович, хакас, бурят, алтайлықтар әдебиетінен – Л. Екшембиева, әзірбайжаннан – Низамеддин Бабаев, түрікменнен – Шырынжамал Гелдыева, Каюм Жұмаевтар, қырғыз әдебиетінен – Осмонақұн Ибрагимов, ұйғыр әдебиетінен – Махмұт Абдрахманов т.б. Тұрсынбек Кәкішұлының жетекшілігімен қорғағанын мақтанышпен айтады.

Ғалымдық жолы, азаматтық жолы, ұстаздық жолы – даңғыл жол. Әрбірінің рөлінің үлкендігін жоғарыдағы аз ғана мәліметтерден-ақ көреміз. Осы жазылғандарды тарқатып, толықтырып, тізіп айтсақ, бір ғана мақалаға сыймайтын дүние шығады. Әлі де талай дүниелер зерттелері, әлі де талай дүниелер жазылары, талай дүниелер айтылары хақ! Сондықтан да, қазақ әдебиет тарихында ойып тұрып ортадан орын алған ғалымның рухани өмірі мәңгі болатынына кәміл сенеміз.

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ



Жалғасы. Басы өткен санда.

II БӨЛІМ АЛҒАШҚЫ ТАБЫСТАР

Обалы нешік, Антон телефон жөндеуді де, клиенттермен сөйлесуді де тез игеріп кетті. Бірінші демалысында, яғни, дүйсенбі күні Марғұланның бір танысын шақыртып, оған 5 000 теңге төлеп, телефон жөндеудің қыр-сырын үйрендік. Әрине, мен емес, Антон үйренді. Содан кейін жұмыс тіпті жақсы жүріп кетті. Басында витрина бос болмасын деп өзім телефон әкеліп жүрсем, енді өз бетімен тола бастады. Екі аптада butikке төлейтін ақша мен Антонның айлығының жартысы шықты. Айналымда жүрген 20 000-нан астам ақша бар. Яғни, тауар құнын қоспағанда, таза қол ақша 47 000 – 48 000 теңгедей ақшам бар. Бұлардың бәрінен бөлек, бірінші аптада қалтама салып жүрген 15000 теңгенің 6 000 теңгесі бар. Қалғаны күнделікті жүріп-тұруға, оны-мұны шығынға кетіп қалды. Шын айтсам, басындағыдай әрбір 100 теңгені санауды қойып кеттім. Шама келсе, үзбей есептеп отырған дұрыс еді.

Осы екі аптада тағы бірнәрсені түсінгендей болдым. «Нұр» сауда үйінен butik алған кезде-ақ ол жерге жағдайы жақсы адамдар келетін шығар деп ойлағанмын. Сол ойым дұрыс болып шықты. Бізге жөндеуге берген, бізге сатқан, бізден сатып алғысы келіп сұраған маркалардың бәрі қымбат немесе орта бағадағы телефондар. Бірақ бұл ерекшелік жақсы ма, жаман ба, әзірге түсіне алар емеспін. Тек қымбат телефондарды жөндейтін және сататын butik болып қалсақ, пайда аз бола ма, көп бола ма? Арзан-қымбатты араластырып сататын базардағы butikтер бізден гөрі көп табатын шығар. Қанша дегенмен тауары көп қой. Мен де арзан телефондарды басқа жақтан әкеліп қойып қойсам не болады? Өтпей, текке тұрып қала ма? Онда оған салған ақша да текке тұрып қалады деген сөз. Не істеу керек?

Мені ойландырған тағы бірнәрсе бар. Ол – Антонға қатысты.

Антон көп сөйлей қоймайды. Тұйықтау жігіт. Бірақ біртүрлі жаным ашитын сияқты ма, әйтеуір соған алаңдап тұрамын. Кіммен тұрады, қандай жағдайда тұрады, әке-шешесі бар ма? Әлі сұраған жоқпын. Мамам істеп берген тамақты күнде таңертең әкеліп беріп жүрмін. Антонға мамамның тамағы ұнады. Күнде кешке ыдысымды қайтарған сайын рахметін айтады.

Әскерге кеткенше жақын араласып тұратын группалас, сыныптас достарым бар еді. Әскерден келгелі оларды бір-ақ рет көрдім. Келгенімде поңыздан күтіп алды, үйге бірге бардық. Сол күні түннің бірауына дейін бірге отырдық. Одан кейін мен шаруа-шаруа деп кеттім де, хабар үзіліп қалды. Бір нәтиже шығарғанша, басқасының бәрін қоя тұруым керек деп шешкен едім. Тіпті бір-екі рет шақырған жерлеріне бармай қалдым. Жігіттер ренжіп жүрген шығар. Бірақ жағдайды түсіндіріп айтқанмын. Сонда да кейінгі кезде қуыстанып жүрмін. Әсіресе, Қанағаттан ұят. Бұрын демалыс сайын балыққа барып тұрушы едік. Басқа жігіттер кейде қосылады, кейде қосылмайды. Кейде ешкім шықпай қалады да екеуіміз ғана көлге кетіп бара жататын едік. Енді сол дәстүрді қайта жаңғыртқым келді. Телефонды алып, Қанағаттың нөмірін тердім.

– Алло.
– Алло, Қанағат, ассалаумалейкум.
– Уағалейкумассалам. Сен де звондайды екенсің ғой.

– Иә, саған звондамағанда кімге звондаймын енді?!

– Қалай, шаруаларың реттеліп жатыр ма?
– Шүкір. Өзіңде не жаңалық?
– Бірқалыпты сол.
– Балыққа барып жүрсің бе?
– Бірге баратын адам болса ғана барамын.
– Онда осы дүйсенбі таңертең барсақ қайтеді?
– Дүйсенбі жұмыс қой маған.
– Онда жексенбі кешке кетіп, дүйсенбі таңертең қайтып келейік. Бірден жұмысыңа кетесің.

– Одан да ертең кешке кетейік те? Ертең сенбі ғой.

– Маған жұмыс қой.
– Орысың бар емес пе?
– Оны қайдан білесің? Бутикке келдің бе?
– Иә, бір-екі рет соққанмын.
– Антон деген жігіт ол. Жақсы бала. Соны да ала кетейін деп едім балық аулауға. Ол дүйсенбі демалады.

– Ө-ә-ә... Антонға жаның ашиды да, маған жаның ашымай ма?

Қанағат осы сөзді айтқанда екеуіміз де күліп жібердік.

– Жарайды, онда ертең шықсақ, ертең шығайық. Жексенбі Антонға демалыс беріп, butik-те өзім отырып көрейін, – дедім мен Қанағаттың ұсынысын қабыл алып.

– Жарайды, келістік онда.

Ертесі күн қатты ыстық болды. Жезқазғанның ыстығы басқа жақтың ыстығына ұқсамайды. Бұл жақта күн ысыса темір пештің табы сезілгендей болады. Яғни, күннің ыстығы төбеден күйдірсе, жерден тағы бір ыстық көтеріліп, адамды қақтап жібереді. Бой-бой болып терлейсің, ауа жетпей аузың бақадай ашылады.

Бұл күні сауда да болған жоқ. Адамдар терезелерін газетпен жауып тастап, үйлерінен шықпай жатыр.

Кеше Антонға да қоңырау шалып, балыққа баратынымызды ескерттім. Әдейі барғым келмейді

МЕНІҢ БІРІНШІ БИЗНЕСІМ

демесін деп, сенімді түрде барамыз дедім. Бұрын балыққа барып көрмеген екен. Егер барғың келе ме деп сұрасам, қашақтауы да мүмкін еді. Мен шегелеп айтқан соң, бүгін ауыстыратын жеңіл киімдерін де алып келіпті.

Өзім де қармақтарды, ілгекке салатын жемді, киімдерімді – бәрін кеше дайындап қойғанмын. Мамам түнде жейтін тамақ пен сусынды да кешке дейін әзірлеп қоюы тиіс.

Мен арақ, сыра дегенді ішпеймін. Әскерге кетерден бір жыл бұрын бәрінен үзілді-кесілді бас тартқанмын. Ал Қанағат бұрыннан татып алмайды. Антон балыққа барамыз дегенде ішеміз деп ойлаған болуы да мүмкін. Өйткені көп адамның ойында балық аулау деген арақ ішіп қайту дегенді білдіреді. Арақ ішпей балық аулауға да болатынын Антон осы жолы бір көрсін.

Кешкі жетіде butikті жаптық та, біздің үйге соғып, заттарымызды алып шықтық. Содан соң келісім бойынша Қанағаттың үйіне беттедік. Қаланың шағындығы ғой, осының бәріне 40 минут кетті.

Қанағат та сайланып, дайын отыр екен. Үшеуіміз қаланың солтүстік батыс жағын бетке алып, тартып кеттік. Күн батқанша әлі бір жарым сағат бар. Ыстық әлі қайтар емес. Қапырық.

Қаланың сырт жағындағы көлді айналып, қарсы бетіне бардық. Жеткенше көбіне Қанағат екеуіміз әңгімелесіп бардық. Антон жарты қадам кейін қалып, бізге ілесіп отырды.

Қанағат екеуіміз мектепті бірге оқығанбыз. Ол сабақты жақсы оқыды, тәртіпті болды, мен сабақты да дұрыс оқымадым, тәртібім де соншалық жақсы болмады. Мұғалімдерді ренжіткен кезім болған жоқ, бірақ әртүрлі жағдайларға тап болып, мектептің атына біраз кір келтіріппін. Осының бәріне қарамастан, бір қарағанда екеуіміз екі түрлі болсақ та, Қанағат екеуіміз жақын дос болдық. Ол мектепті бітіріп Алматыға оқуға кеткенде де арамыз үзілген жоқ. Мен не оқу жоқ, не жұмыс жоқ – сандалып жүрген кезімде Алматыға өзімше қонақ болып баратын едім. Сонда Қанағат жақсы күтіп алатын. Ал ол Жезқазғанға каникулға келген күні қашан да мереке болушы еді. Бір аптаға келсе де біздің үйден бір тамақ ішпей кетпейтін. Сөйткен досым қазір қалалық газетте тілші болып жүр. Үйленген. Әзірге сәбилі болған жоқ, бірақ бұйырса әлі-ақ болады ғой деп ойлаймын.

Сәтін салса, бүгін таңға дейін үш шаруаны реттеп қайтпақпын: бірінші балық аулау; екінші Қанағат досыммен әңгімелесіп, сағынышымды басу, бір жағы оның көңілін аулап, арамызды жақындатып қою; үшінші Антонмен жақынырақ әңгімелесу.

Түнде балық онша қаппай қойды. Тек Антонның қармағына ғана екі ақбалық түсті. Қанағат екеуімізге майшабақтар ғана ілінді. Оларды бәрібір жеп жарытпаймыз деп, жібере салдық. Қарнымыз ашып, шаршаған соң, сағат он екінің кезінде үйден алып шыққан нан, жуа, туралған ет сияқты оны-мұны азықтарымызды алып шығып, дастарқан жайдық. От жақпай-ақ қояйық деп шештік. Балық көбірек түскенде отқа қақтап жеуге болар еді. Екі балыққа бола от жағып әуре болғымыз келмеді.

– Қалай, Антон, бастығың саған көп ұрыспай ма? – деп Қанағат қалжыңдап Антонға қарады. Антон жымиып күлді де қойды.

– Антон шаруаны жақсы істейді, – деп қойдым мен. – Біз Қанағат екеуіміз мектептен бері доспыз, – деп одан кейін Қанағатты Антонға таныстыруға көштім. – Әскерден келгелі алдымен ақша жинадым, одан осы butikті аштым, Қақаңа хабарласпай кетіп едім. Енді, міне, шаруа кішкене ыңғайланған соң, балыққа шақырғаным ғой. Бір жағы сені де шақырайын дедім. Жақынырақ танысайық деп.

Антон әдетінше үндемей мақұлдап отырды. Мен сөзімді әрі жалғадым:

– Менің әңгімем – осы. Бұрынғы өмірімді Қанағат жақсы біледі. Қатырып ештеңе істеген жоқпын. Әскерге кеткенше салпақтап жүрдім де қойдым. Енді өз-өзімді асырап, одан соң әкешем де кішкене болса да көмек көрсетіп, бәлен жылдан бері құтыла алмай келе жатқан



қарыздары мен несиелерін жапсам деп ойлаймын. Со-о-л, жігіттер. Қанағат – журналист. Мен туралы кейін жазатын осы Қанағат болады.

Қанағат пен Антон сөзіме күліп алды.

– Өзің бойдақ екеніңді білемін, – дедім Антонға қарап. – Кіммен тұрасың?

Антон сұрақ қояды деп ойламаған адамдай маған жалт қарап, үнсіз қалды да, аздан соң жауап берді:

– Ағамен тұрамын.

Біз әке-шешен қайда деп сұраудың ретін таппай қалдық. Соны өзі түсінді-ау деймін, Антон сөзін әрі жалғайды:

– Шешем екі жыл бұрын қайтыс болған. Ал әкем биыл көктемде қайтыс болды.

– Біз енді оны білмей қалдық қой... – дедім. Қанағат екеуіміз ыңғайсыз жағдайға түскен едік.

– Ештеңе етпейді, – деді Антон термостан құйылған жылы шайды бір ұрттап.

– Ағаң үйленген бе?

– Жоқ. Жаманайбат деген шахтада істейді. 15 күн сонда, 15 күн үйде.

Енді үнсіздік орнады. Өңімені басқа жаққа аудару керек болды. Мен сөз таба алмай отырмын. Бір кезде Қанағат шалқасынан түсіп жатты да:

– Екеуімізге бір дұрыс балық түспей қойғанын қарашы, ә? – деді.

– Қайта Антонға екі ақбалық түсті, – дедім мен.

– Антонның жолы жеңіл екен. Өзің бірінші рет келіп тұрсың ба? – деп Қанағат басын көтеріп Антонға қарады.

– Иә, – деді Антон да тақырып өзгергенге қуаңғандай болып.

– Мықты.

– Қазір қармақты тағы бір салып көрейін. Ай енді шықты ғой. Балықтар жарыққа келетін шығар. Одан кейін бір-екі сағат мызғып алып, күн шығардың алдында тағы салайық, – дедім мен шаруаға шын көшіп.

Қанағат сөйтейік дегендей басын изеді. Антон үнсіз келісті.

Жатар алдында да онша балық түскен жоқ. Антон тағы бір ақбалық ұстады. Бірінші рет балыққа шыққан адамның осынша олжаға кенелгенін алғаш рет көрімі.

Сағат бір жарымның кезінде сөмкелерімізді

жастанып, жағамызды көтеріп, балағамызды шұлыққа тығып, қолымызды қусырып жата кеттік. Сағат үш жарымға дейін демалып алмақпыз. Антон шаршаған екен, бірден ұйқыға кетті. Қанағат екеуіміз сөйлесіп, біраз ояу жаттық.

– Үйленетін ой жоқ па? – деп бастады ол әңгімені.

– Әзір емес-ау.
– Қыз жоқ па?
– Жоқ қой.

– Ойда жүрген де ешкім жоқ па?

– Қалай айтсам екен... Айтсам, күлесің ғой қазір, – деп сөзімнің соңын жұттым.

Мен бұл әңгімемді Қанағатқа айтпасам, басқа ешкімге айта алмайтынымды білемін. Сондықтан іште сақтай бермей айтқаным дұрыс сияқты. Оның үстіне Қанағат енді айтқызбай қоймайды.

– Here? Мен танитын біреу ме? – деп сұрады ол.

– Жоқ, танымайсың.

– Енді?

– Жасы кіші.

– Нешеді сонда?

– Білмеймін. Мектепте оқиды, әйтеуір.

– Кім ол?

– Бір жігіттің қарындасы.

– Ал керек болса. Қай жігіт?

– Оны да танымайсың.

– Айтсаңшы енді, әлдеқандай болмай.

– Марғұлан деген жігіт. Базарда телефон

сататын бутигі бар. Қарындасы кейде демалыс күндері сол жерде тұрады. Әйтеуір оқушы екенін білемін. Шамасы тоғыз-он оқитын шығар.

– Кәмелетке де толмаған ғой?

– Солай шығар.

– Таныстың ба енді?

– Жоқ-ө. Мен көкемін ғой ол үшін.

– Енді не істемексің?

– Білмеймін. Әйтеуір екі-үш рет көрдім.

Ағасына шаруа бойынша барып тұрамын ғой. Ағасы да жақсы жігіт. Бізге біраз көмектесті.

– Қарындасы да жақсы дейсің ғой.

– Иә, біртүрлі жақсы қыз. Әдемі дейтін де әдемі емес сонша. Қара қыз. Бірақ өзін-өзі ұстауы, сөйлеуі ерекше. Адамға тіке қарамайды. Сыпайы.

– Сол қызды аламын деп отырсың ба енді?

– Ол қыз өскенше... кім бар, кім жоқ дегендей.

Көрерміз. Әзірге осы шаруаны реттеуім керек.

Ақша дегенді енді-енді түсіне бастадым ғой.

– Миллионер болайын деп жүрсің бе?



– Кім біледі. Алдымен әке-шешемнің кредитін жауып берейін.

– «Қазақмыстағы» ағаң жұмысқа шақырған жоқ па?

– Дулат ағам ба? Шақырыпты. Үйдегілер бар деп еді, өзім барған жоқпын.

– Жұрт әйтеуір сол жаққа жұмысқа тұра алмай жүреді ғой.

– Айлығы жақсы шығар. Бірақ мен одан да көп тапқым келеді.

– Дұрыс екен.

Осылай жатып ұйықтап кетіппіз. Өскерден бері келе жатқан Nokia 3310-ымның оятқышы шырылдағанда атып тұрдық. Сағат төртке жиырма қалыпты. Оятқыш бес минут сайын қайта шырылдайды. Біз үшінші рет шырылдағанда бір-ақ тұрыптыз. Шығыс жақ көкжиек ағара бастапты.

Қармағымызды алып, суға тұра ұмтылдық. Күн шыққанша біраз балық аулап алмақпыз.

Басқа біреу айтса сенбес едім. Бірақ сол күні Антон тағы да бес ақ балық ұстады. Қанағат екеуімізге сол күйі майшабақтан басқа ештеңе түспей қойды. Антонның жолы болғыштығына таңғалып, бірге серуендеп қайтқанымызға мәз болып үйге қайттық.

Антон Қанағат екеуімізге екі-екіден төрт балығын берді. Қалған төртеуін алып, үйіне кетті.

Көп ұзамай Антонның айлық алатын күні келіп жетті. Маусымның 26-сында жұмысқа шыққан. Бүгін шілденің 26-сы болды.

Бірінші айда бутик өзін-өзі артығымен ақтады. Маған таза пайда ретінде 46 000 теңге қалды. 46 000 теңге! Айналымда тауардың құнымен қосқанда 68 000 теңге жатыр. Бутикті төледім, енді, міне, айлық төлейін деп отырмын.

Антон бір ай бойы менің анам дайындаған тамақты ішті. Еш ренжіспей, бір ай жақсы жұмыс істедік. Жеке кәсіпкер ретінде тіркелу, құжаттарды реттеу, сырттан клиент іздеу, butikті жарнамалау, телефон сататын, жөндейтін басқа дүкен иелерімен танысу сияқты жұмыстарға бар уақытымды жұмсадым. Ал іштегі шаруаның бәрін Антон істеді. 4-5 телефонды жөндей алмай қайтарды, басқасының бәрін істеді. Тез үйреніп кетті. Жалпы ризамын. Сол ризалығымның белгісі ретінде келесі айда айлығын өсірмек болдым.

– Антон, – дедім кешке butikті жауып шыққалы отырған кезде. – Осы айда жақсы жұмыс істедік. Енді келесі айда қымбат телефондарды одан сайын көбейту үшін барымызды салайық. Егер осы айдан да жақсы жұмыс істесек, сенің айлығыңды 30 000 теңге қыламын. Келістік пе?

Антон жымиып басын изеді. Мен қолына 20 000 теңгені санап бердім.

Екеуіміз сыртқа шықтық. Антон күндегідей жолдың арғы бетіндегі аялдама жаққа емес, бергі беттегі аялдамаға қарай жүрді. Қарасам, 3-4 жігіт күтіп тұр екен. Ескі достары сияқты.

Келесі күні Антон жұмысқа кешігіп келді. Көзі ісіп кеткен. Басын жумаған. Көңіл-күйім түсіп кетті. Бірақ білдірмеуге тырыстым. Өзінікі дұрыс емес екенін түсініп, өкініп тұрған сияқты.

– Кешірім сұраймын. Кеше достарым келіп, бірінші айлығыңды жу деді. Көңілдерін қалдыра алмадым, – деді бір кезде.

Антонның бетіне қарадым. Бір жағы мені түсінеді деп ойлаған секілді. Яғни, айлық алғанда достары келсе, солармен ішсе, ертесіне кешігіп келсе, мен ренжімеуім керек. Бәріміз жігітпіз ғой дегендей. Арақ ішкеннен біреудің бақытты болғанын көрген жоқпын. «Несіне жетісіп ішесің, не екең жоқ, не шешен жоқ» деп айтқым келді. Бірақ олай деген жоқпын. Жұмыс бойынша тапсырмалар бердім. Содан соң бүгін реттемек болған бір шаруамды айттым:

– Жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп жатырмын. Сені ресми түрде жұмысқа алу үшін куәлігің мен тіркелген мекенжайың керек, – дедім. Негізгі расында да жұмысқа алайын деп жүргенмін. Бірақ бүгінгісінен кейін көңіл-күйім түсіп қалды. Тағы бір ай күтіп, тексеру керек пе екен... Бірақ не де болса куәлік көшірмесін алып, мекен-жайын біліп алайын деп шештім.

Антон сұрағыма жауап бермей тұрып қалды. Содан соң:

– Маяковский көшесі, 88-үй, 50-пәтерде тұрамын, – деді. Мен телефонымның хабарламасына жазып алдым да:

– Енді куәлігіңді берсең, өзім көшірмесін жасай саламын, – дедім. Антон төмен қарап:

– Менде куәлік жоқ, – деді.

– Куәлігі жоғы несі? Жоғалтып алдың ба?

– Жоқ, мүлде алмағанмын.

– Сонда қалай? Сені ешкім тексермей ме?

Антон жауап берген жоқ.

– Өскери комиссариатқа шақырмай ма?

– Жоқ.

– Өзің тіркеуде барсың ба?

– Жоқ.

– Ал керек болса. Сонда қалай ол?

Осы кезде телефонын саудалап бір келіншек келе қалды. Антонның түрін ескердім де, клиентке өзім қызмет көрсетейін деп шештім. Антонға сы-бырлап:

– Беті-қолыңды жуып кел. Содан кейін шай қойып, ыстық шай іш. Мен қазір кетемін, содан соң кешке бір-ақ келемін. Оған дейін өзің боласың, – дедім.

Келген кісі жап-жаңа Fly телефонын алып келіпті. Жаңадан шыққан Nokia Express Music алғысы келеді екен. Сол үшін мынаны сатуға келіпті. Fly – жаңадан шыққан, бағасы арзандау, өзі нәзіктеу, басқа маркаларға ұқсамайтын ерек-

ше телефон. Қарап-қарап тұрдым да, қаншаға сатқысы келетінін сұрадым. Ол кісі 32 000 теңгеге алғанын, енді кем дегенде 25000 теңгеге сатқысы келетінін айтты. Бізде көбіне қымбат телефондардың ескілері жатады. Сондықтан ең қымбат дегенін осы уақытқа дейін 20 000 теңгеге ғана алғанбыз. Сондықтан мынаны алуға онша құлшынбадым. Бірақ келіп тұрған адамның көңілін де қалдырғым келген жоқ.

– Сіз телефонды 1-2 күнге тастап кетсеңіз қайтеді? Өтсе, ақшасын береміз. Бірақ 25000 теңгеден сатайық. Сонда тез өтеді. 20000 теңгесін сіз аласыз, 5000 теңгесі бізге қалсын?

– Онда мен күйеуіммен ақылдасып көрейін, – деді келіншек. – Ертең осындай уақытта тағы соғармын. Немесе кешке соғуым мүмкін.

– Жарайды, нөміріңізді жазып алайын, осындай жаңа телефон іздеген адамдар болса, сізді шақырайық – дедім. Келіншек нөмірін айтты. Мен телефондардың тізімі жазылған дәптерге «Жаңа Fly – 25000 теңге» дедім де, жанына нөмірін жазып қойдым.

Антон да келіп, шәйнекке су құйып, тоққа жалғады. Жаңағы келіншектің телефонын түсіндірдім.

– Сонда сен мектепті бітірген жоқсың ба? – дедім содан кейін алдыңғы әңгімені қайта жалғап.

– Жоқ.

– Кәсіптік лицейде оқыдым деп едің ғой?

– Иә, бірақ ол кезде әлі куәлік алатын жасқа жетпеген едім.

– Тіркеуде неге жоқсың?

– Неге болушы еді... Әке-шешем тірі кезде үйден кетіп қалғанын. Былтыр әкем төсек тар-тып жатқан кезде ғана үйге қайтып бардым.

– Сонда қайда жүрдің?

– Қаңғыбас болдым. Өркімнің үйіне қондым. Кейде далаға қондым. Арақ іштім. Екі жыл алыс ауылдарға кетіп қалып, қыс бойы жұмыс істедім.

– Неге бірден айтпадың?

– Онда жұмысқа алмай қоятын едің ғой.

– Мүмкін. Бірақ сонда да білгенім жақсы еді. Ең болмаса балыққа барғанда айтпадың ба?

Антон үндеген жоқ. Қайнаған шайын да ішпей отыр.

– Жарайды, шайыңды іш, – дедім. – Бұдан кейін жұмыстан кешікпе. Құжаттыңды бірдеңе ғып реттейік... Өзі осы жерде жұмыс істегің келе ме?

– Иә.

– Онда бұрынғыдай жақсылап істе. Келесі айдың айлығына бірден киім сатып ал. Адам бір ай бойы жұмыс істемегенде арақ ішу үшін істемейді ғой?

– Сөйтетіндер де бар. Менің ағам сондай.

– Ендеше сен ондай болма.

Антон маған шарасыз сияқты көрінді. Менен ұялып, өз-өзіне ашуы келіп отыр. Бірақ соншалық жерге кірердей ұятты сезінбейтін сияқты. Мен әрі қарай не айтарымды білмей біраз кідірдім. Содан соң:

– Мен құжат мәселесін реттеуге тырысамын. Өзі құжат жасатып, адам қатарына қосылғың келе ме? – дедім ызам келіп.

Дәусым кішкене қатқылдау шықты. Құжат туралы бірінші рет айтқанымда қуанбағанына ашу-ым келе бастады.

– Иә, әрине, – деді Антон. Кеше ішкен арағынан миы дұрыс жұмыс істемей отырған секілді. Мен барынша сабыр етуге тырыстым.

– Антон? – дедім ақырын ғана. – Егер тағы да арақ ішетін болсаң, бір күн бұрын маған айт. Тамақ әкелмеймін. Әкем де арақ ішкен. Анам арақ дегенді жек көреді. Мамама арақ ішкен адамға ар-натып тамақ істеткім келмейді.

Антонның көзі жасаурап кетті. Мен шығып жүре бердім.

Таңертең үйден шыққанда жоспарым көп сияқты еді. Енді ештеңе істегім келмей қалды. Сенген адамың күмәнді іс жасаса, жалғыз қалғандай болады екенсің.

Марғұланның бүтигіне қарай жүрдім. Күн біресе бұлттанып, біресе ашылып тұр. Ашылған кезде ысып кетеді. Бұл жақта тамыз айымен бірге күз де келеді. Жел соққан кезде сол күздің лебі сезілетін сияқты. Тамыз жақындап келе жатыр.

Марғұланның бүтигіне кірсем, қарындасы тұр екен. Көңіл-күйім түскен соң, қайда барарымды білмей осы жаққа тартып кеткенімнің себебін енді түсіндім. 15-16-лардағы қыз мені телефон алуға келген клиент ретінде қабылдады. Таныған жоқ. Бір ай бұрын бірінші рет көріп едім. Ол кезде маған зер салып қарамаған. Одан кейін де екі рет көргенмін. Бірақ ол кезде де сөйлескен жоқпыз. Ағасын сұрап кетіп қалғанмын.

– Сәлеметсіз бе? – деді маған тура қарап. – Не іздедіңіз?

– Сәлем. Не іздеп жүргенімді өзім де білмеймін.

Қыз күле ме деп едім. Күлген жоқ. Өзім де осы сөзді айтуын айттып алып, ойланып қалдым. Марғұланға солай деді деп кейін бәрін айтып берсе, масқара ғой.

– Негізгі мен Марғұлан тұрған шығар деп ойлап едім, – деп жөніме көштім содан соң. – Мен де телефон сатамын. Осы жерге ылғи келіп тұрамын.

– Марғұлан аға ауылға кеткен.

– Өзің Марғұланның қарындасысың ба?

– Иә.

– Жарайды. Марғұлан хабарласса, Еркін келіп кетті деп айта саларсың. Бірақ айтпай-ақ қоюыңа да болады. Онша шаруам жоқ. Жай, өтіп бара жатып соққанмын.

– Жарайды.

Бутиктен шықтым да, қайда барарымды бір ойлап, қыздың ұстамды жауаптарын ойлап тағы тұрып қалдым. Ақымақ болып, не әзілдеген емес, не шын сөйлескен емес, бірдеңелерді шатып-пұтып шығып кеткенімді қарашы. Көп қыздарға сәл бірнәрсе айтсаң, күліп, өзіңе жауап беріп,

алдыңа түсіп алады. Бұл қыз тым ақылды, әрі тәрбиелі сияқты. Бірінші көргенімде кішкентай сияқты еді. Одан бері өсіп кеткен бе?

Қой, тұра бермей, бір жаққа барайын. Антонның құжатын көшіріп, жұмысқа алатын қағаздарын дайындаймын деп ойлап едім. Ол болмайтын болды. Енді оның құжатын жасату керек. Оны жасату үшін «Қазақмыста» істейтін Дулат ағам хабарласуым керек. Бір көмектессе, сол кісі көмектеседі. Қаланың орталығында орналасқан «Қазақмысқа» қарай аяңдап жүріп кеттім.

Аулат ағам мені жылы қарсы алды. Жұмысқа шақырғанда неге келмегенімді сұрады.

– Өзің шаруа істеймін деп жүргенің жақсы. Бірақ келемін десең, кез келген уақытта хабарлас. Программист деген қашан да керек қой, – деді содан соң.

– Мықты программист болу үшін үнемі үйреніп отыру керек. Мен қазір ол жағынан қарайып қалдым ғой, – дедім мен де шынымды айтып. Содан соң Антонның жағдайын айттым:

– Үйсіз-күйсіз өскен бала екен. Қазір ағасы екеуі әке-шешесінен қалған үйде тұрады. Өзі ақылды, сыпайы жігіт. Құжатын реттеп жіберсек, болашақта адам болып кетуі де мүмкін.

– Құжат деген өзі де шешіледі ғой. Қазір бұрынғыдай қиын емес. Дегенмен тиісті жерлерге хабарласып айтып қоя салайын. Орысың сол күні барып реттей қойсын.

– Жарайды, көп-көп рахмет!

– Әйтеуір бір күні өзіңді далада қалдырып кетпесін.

– Олай бола қоймас.

– Өзіл ғой. Ал, жақсы!

– Сау болыңыз.

Дулат ағаммен қоштасып шықтым да, үйге қарай аяңдадым. Сағат бір болып қалыпты. Түскі ас ішіп, қайта шығармын деп ойладым.

Бірақ тамақ ішкен соң ұйқым келді. Түске дейін қатты шаршап қалыппын. Өз-өзімді қынамайын дедім де, бір сағаттай мызғып алдым.

Тұрған соң басым ауырды. Одан сайын шаршап қалғанымды сездім. Жолда полиция мекемесіне соғып, құжат рәсімдеу үшін керек болатын қағаздар тізімін алдым. Ертеңнен қалдырмай Антонды осы жаққа жіберейін деп шештім.

Асықпай басып butikке келдім. Соншалық шаршап келе жатқанымға таңғалдым. Түк құлшыныс жоқ. Неге бұлай болғанын.

Антон таңертеңгідей емес, көзінің іскені басы-лыпты. Сергек. Телефон жөндеп отыр екен, мені көріп атып тұрды.

– Жағдай қалай? Не жаңалық? – дедім.

– Бәрі жақсы. Бүгін бір телефон жөндедім. Үш телефон сатып алдым. Бір телефон саттым.

– Fly-ға ешкім қызыққан жоқ па?

– Бір әйел алатын шығармын деп кетті. Нөмірін алып қалдым. Ондай жаңа телефонға 25 000 арзан сияқты. Сондықтан алады ғой деп ойлаймын.

– Дұрыс екен.

Антон есіне бірдеңе түскендей есікке беттеді. Маған қарап:

– Қазір келемін, – деді де шығып кетті. Ар-тынша қолында таңертең мен әкелген тамақ бар, қайтып кірді.

– Мына тамақты жеуге ұялдым. Кеше ішпеймін деп едім, жігіттер қоймады. Әйтпесе, ішпей жүр едім. Мына тамақты қайтадан қойып қояын да, ертең ішейін. Бұзылып кетпейтін шығар?

Мен бірден жауап бере алмай қалдым.

– Бұзылмауы тиіс, – дедім содан кейін. Антон тоңазытқыш тұрған бөлмеге қайтадан шығып кетті.

Мен орнымда тұрып қалыппын.

Антон содан кейін ішкен жоқ. Бір ай бойы тағы да жақсы жұмыс істедік. Бутиктегі витриналарды жаңартып, қосымша шам жағып, ішін жап-жарық етіп қойдық. Басында арзан телефондардан, кейін орташа бағадағы телефондардан да құтылдық. Енді тек қымбат телефондар қалды. Көбі смартфондар. Басатын батырмасы жоқ, тек экран арқылы жұмыс істейтін, стилус деп аталатын қалам сияқты құралы бар телефондар келе бастады. Біз енді 40-50 мың теңгенің телефондарын сата бастадық.

Сату жағынан жақсы болғанмен, бұл телефондарды жөндеу қиындау еді. Бірақ Антон туабітті инженер екен. Кез келген телефонды шашып, жинай беретін болды. Бұрын бізге келіп үйретіп кететін Марғұланның танысы енді Антоннан келіп кеңес сұрайтын болды.

Дулат ағам көмектесіп, тездетіп Антонның куәлігін де жасаттық. Тіркеуге де тұрғыздық. Әке-шешелерінен қалған пәтер ағасы Диманың атында екен, тіркеу мекемесіне барғанда ол да келді. Он бес күн вахтада жұмыс істеп, он бес күн демалатынын Антон айтқан. Сөз жобасынан арақ ішетінін де шамалағанмын. Кездескенде көзім жетті. Өңі тозып кеткен, ап-арық, бойы еңкіш тартып кеткен, бір сөзбен айтқанда арақтың зиянын ерте көрген жігіттердің бірі екен. Жасы мен қатарлас болса да, үлкен көрінеді.

Марғұланның қарындасын осы айда мүлде көрген жоқпын. Атын да сол күйі біле алмадым. Бұрынғы уақыт болса жатпай-тұрмай ойлап, танымсыудың жолын қарастырып, біраз қызықтауға болар еді. Бірақ қазір мақсаттарымды ғана ойлап жүріп. Негізгі мақсат – ақша жинау. Әке-шешеме көмектесетін деңгейде жету. Дәл қазір әке-шешемнің қарыздарын жауып, біраз көмектесе аламын. Бірақ онда дамуым бауылайды. Қазір ақшаны жұмсамай, тапқанымды шаруаға сала берсем, кейін айналымнан ақшаны алу да оңай болады.

Ақшаны үнемдеген секілді, күш пен уақытты да үнемдеу керек. Жұмыстың бәрін Антон істеп жатыр. Былай қарасаң, менің қолым бос болуы керек сияқты. Бірақ бір сәт емін-еркін отыра алмаймын. Бір күн жөндеу жұмыстарын жоспарласам, бір күні салық мекемесінде жүремін, енді бір күні жөндеуді бітіріп, жаңа тауарға кетіп бара жатамын.

Жаңа телефондарды әкеліп, біз сияқты дүкендерге көтерме бағамен сататын нүктені тауып алғанмын. Енді онымен де тоқтап қалмай, одан да арзан жер іздеп, Алматыға барып қайтуды ойлап жүрмін. Күн сайын осындай жұмыстар, ойлар бітпейді.

Өстіп жүргенде тамыздың соңы болды. Біз бұл айды 59 000 теңге пайдамен жаптық. Жөндеу жұмыстарына біраз ақша кетіп қалды, әйтпесе 90 000 теңгеге жуық ақша шығар еді. Бутиктің ақысы мен Антонның айлығы бұған кірмейді.

Антонға бұл жолы 30 000 теңге айлық беремін деп шештім. Енді тұрақты айлығы осы болады. Бірақ жұмысты тіпті жақсы істейтін болса және қателік жібермесе, айлыққа қосымша ретінде сыйақы беруді де ойлады.

Айлық беретін күні аялдама жақта тағы да Антонның достары отырғанын байқадым. Мен Антонның ақшасын қызғанбаймын. Қайда жұмсаса да, өзі біледі. Арақ ішпе деп те айта алмаймын. Інім емес, тіпті досым да емес. Антон – менің қызметкерім. Дегенмен, бір күн арақ ішіп, келесі күні қалғып-шұлғып отырғанын қаламаймын. Одан соң, қазір айына бір ішсе, ертең демалыс сайын іше бастауы мүмкін. Олай болатын болса, артық ақшаны араққа беріп жатқандай боламын. Бұның бәрін былай қойғанда, байғұс балаға жаным ашиды. Осыған дейін көрген өмірі өмір емес. Бірақ өзі жақсы тұрмысқа талпынады. Өте қабілетті жігіт. Достарының көңілін қимайды, бірақ солар алқаш болды екен деп бұл да алқаш болуы керек пе?

Бутикке кірсем, Антон бір клиентпен сөйлесіп тұр екен. Шаруасын аяқтағанша алыстау тұрып күттім де, болған соң жанына бардым.

– Антон, достарың сенің айлық алатын күніңді біліп алып, өздері келіп тұр ма, әлде сен шақырдың ба? – дедім. Антон ыңғайсызданып қалды да:

– Айлығым көтеріледі деп едім, соған келгендері ғой. Жу дейді. Жусам, жуамын, бірақ өзім ішпеймін дегенмін, – деді Антон. Ішпеймін деп сөйлеу – ішетін адамдардың әдеті екенін жақсы білемін. Сондықтан ашуымды жасыра алмай, бірақ барынша сабырлы болуға тырысып Антонға былай дедім:

– Сенің әке-шешең арақ ішті ме?

Антон түнеріп кетті де, амалсыз жауап берді:

– Иә.

– Менің де әкем кезінде ішкен. Кезінде өзім де ішкенмін. Бірақ, қазір ішпеймін. Және кезінде бірге ішкен жігіттердің біреуімен араласпаймын. Неге дейсің ғой? Өйткені олар ішу үшін ғана араласады. Қазір мен барамын да ана жігіттерге Антонның мазасын алмандар деп айтамын.

Осыны айтып Антонға қарап едім, ол үндемеді. Достарынан ұялса да, осылай дұрыс болатынын түсініп тұрған сияқты. Мен сөзімді жалғадым:

– Қазір айлығыңды беремін. Ертең ертең тұрып базарға бар. Жұмысқа түсте келсең де жетеді. Таңертең өзім келіп отырамын. Сен әдемі қара көйлек, қара шалбар сатып ал. Ауыстырып кию үшін екеуден алсаң, тіпті жақсы. Енді жұмыс формамыз сондай болады. Сенің орныңа отыруға келгенде мен де сондай киім киіп келетін боламын. Келістік пе?

Антон басын изеді. Киім туралы идеям ұнаған сияқты, көзінде кішкене қуаныш пайда болды.

Сыртқа шықтым. Танымайтын жігіттерге ашу-ым келіп, өзімнен-өзім ашуланып келе жатырмын. Аялдаманың жанындағы темір қоршауға отырып алып, әрнені айтып күліп отырған түрлері жүйкеме тиді. Артырғанын барған бойда желкелерінен түйіп-түйіп, домалатып түсіргім келді. Бірақ сабыр етіп, бейбіт түрде барғаным дұрыс болар деп, бір сәт кідірдім де, демімді басуға тырыстым. Бұлар да Антон сияқты тәрбие көрмеген, көшеде өскен бейбақтар ғой. Не істеп жүргендерін өздері түсінеді дейсің бе? Бала кезден көріп өскенін істейді де...

– Жігіттер, здорова! – дедім байыпты түрде. Бәрі маған жалт-жалт бұрылды да, мынау кім тағы дегендей түсінібей қарады.

– Мен Антонның бастығымын, – дедім сабырлы қалпыманан айнымауға тырысып. – Сендер соны күтіп отырсыңдар ма?

Ешқайсы мардымды ғып жауап та қатпады. Жағдайды бірден түсініп, ұялып қалған сияқты көрінді.

– Антонның жұмысы көп. Дәл қазір шықпайды. Одан кейін ертең де істейтін шаруалары көп, үйіне барып демалсын. Өздерің де түсінесіңдер ғой, жұмысқа тұрған соң, дұрыстап істеуі керек. Мен оған жамандық тілемеймін. Сендер де жақсылық ойлайсыңдар. Сондықтан оны енді мазаламай-ақ қойыңдар. Сен кімсің дейтін шығарсыңдар. Мен Еркінмін. 9 орамда сексен төрттермен жүремін. Сұрасаңдар, сол жақтағылардың бәрі біледі.

Жігіттер үндеген жоқ.

– Түсінікті ғой? – дедім даусымды шығара. Бастарын изеді.

– Антонға ренжімендер. Ол сендерді с



«ӘПКЕ»

Ученики Назарбаев
Интеллектуальной
школы города Талды-
корган представили
зрителям драму
Дулата Исабекова
«Әпке».

Постановка наполнена острыми драматическими эмоциями. В романе «Әпке» рассказывается о сиротах, рано лишенных родителей. Но их не хочется сказать сиротам. Потому что, их старшая сестра Камажай была для своих родных всем и родителями и сестрой. В драме мы видим, что Камажай стремится к жизни. В этой роли показала свое актерское мастерство зрителям ученица 11 класса Кундыз Мухтар. Роль самой младшей и азарной из сестер Назили сыграла ученица 11 класса Дилназ Адилова. Учащиеся, которые увязывали каждое слово с жестами и поступками, чувствовали себя на сцене свободно. Они жили на сцене.

«Так как это произведение драма, слова и действия персонажей являются полными интонации и чувств. Сочинение пишется в напряженном виде и имеет глубокий философский смысл. Воспитывает уважение к семейным ценностям, уважение к старшему, уважение к младшему, милосердие. Я думаю, что каждый зритель приобрел для себя что-то очень важное и нужное», - высказал свое мнение руководитель драматического кружка «Алтын маска» Назарбаев Интеллектуальной школы Сағындык Жумадилов.

А. МУРАТКЫЗЫ.

ПОДПИСАН МЕМОРАНДУМ

По сообщению пресс-службы палаты предпринимателей области, в Палате предпринимателей состоялась встреча руководства РГП «Казгидромет» с фермерами Алматинской области, где был презентован пилотный проект по агрометеорологическому мониторингу и прогнозированию. Проект включает в себя оказание услуг по агромониторингу и агропрогнозированию. Применение прогностической и агрометеорологической информации повысит продуктивность сельскохозяйственного производства и снизит ущерб от неблагоприятных метеорологических явлений, заверяют специалисты. Агроуслуги будут оказываться на безвозмездной основе сроком на один год.

В тестовом режиме проект стартовал в июле 2018 года в Северо-Казахстанской области, где заключено 25 договоров на оказание агрометеорологических услуг. В течение четырех месяцев (июль-октябрь) предприниматели регулярно получали информацию о фактической погоде и состоянии сельхозкультур на электронную почту и WhatsApp.

Алматинская область стал вторым пилотным регионом. В настоящее время агрометеорологические наблюдения проводятся на 23 пунктах наблюдений в 13 районах Алматинской области. Однако радиус нынешней метеостанции составляет всего 15 км, что не дает объективную информацию и охватить весь регион.

«На сегодняшний момент «Казгидрометом» проводится техническая модернизация оборудований, в том числе и в Алматинской области. К середине 2020 года в Талдыкоргане будет установлен метеорологический радар с радиусом в 250 км, что позволит охватить всю область и давать объективные данные об явлениях», - поделился Марат Кынатов.

В рамках услуг для предпринимателей будут предоставляться синоптические и агрометеорологические прогнозы, штормовые предупреждения и метеограммы. Также будут использоваться космические снимки, которые своевременно выявят «проблемы» на полях.

В случае заинтересованности крестьянские и фермерские хозяйства должны заключить договор с «Казгидрометом». Первый год обслуживания бесплатный.

По итогам мероприятия был подписан меморандум о развтии агрометеорологического мониторинга и прогнозирования между акиматом Алматинской области и РГП «Казгидромет».

Ш. БАТЫРХАНОВ.

ПО СООБЩАНИЮ ПРЕСС-СЛУЖБЫ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, В ТАЛДЫКОРГАНЕ СОСТОЯЛОСЬ ЗАСЕДАНИЕ КОМИССИИ ПО КОНТРОЛЮ МЕСТНОГО СОДЕРЖАНИЯ. РАБОТА КОМИССИИ НАПРАВЛЕНА НА ОБЕСПЕЧЕНИЕ КОНТРОЛЯ И ПРОВЕДЕНИЕ МОНИТОРИНГА МЕСТНОГО СОДЕРЖАНИЯ В ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПКАХ.

КОМИССИЯ РАСШИРЯЕТ НАПРАВЛЕНИЯ РАБОТЫ

На встрече обсуждены вопросы внесения изменений в регламент работы Комиссии. С учетом мнения бизнес-сообщества и НПП «Атамекен» в деятельность рабочей комиссии будут включены новые направления - легкая, мебельная промышленности, строительные материалы, а также пищевая и перерабатывающая промышленность.

Как сообщил, заместитель директора Палаты предпринимателей Алматинской области Канат Кабдиев, в первом квартале 2019 года проведено три заседания Комиссии, где рассмотрено 10 вопросов по работе акиматов и обращений субъектов предпринимательства.

На заседании члены Комиссии ознакомились с результатами проведенного мониторинга работы акимата Талгарского района по вопросам поддержки отечественных товаропроизводителей в сфере государственных закупок за 2018 год.

В работе акимата района, как и в деятельности других местных исполнительных органов Алматинской области выявлены нарушения требований законодательства, в частности отсутствие публикации на официальном интернет-ресурсе утвержденной сводной ведомости потребности основных строительных материалов, отсутствие сведений о доле казахстанского содержания на завершённых объектах.

Ш. ХАМИТОВ.



Юный исследователь
Назарбаев Интеллектуальной школы
города Талдыкорган заняла Гран-при
на международном конкурсе научных
проектов «Қазақстан күллі түркі
халықтарының қасиетті «Қара
шаңырағы».

пространства «open space», где отсутствуют какие-либо барьеры, в том числе и стены, для эффективного взаимодействия. Все прилегающие кабинеты трансформированы в стеклянные кабинеты в едином стиле без отдельных приемных, что позволило оптимизировать рабочие площади и разместить сотрудников подразделения в одном месте. Полагается, что новый формат работы будет способствовать укреплению командного духа,

БЕСЦЕННЫЙ МЕД ЖЕТЫСУ ПОКОРИЛ «ПЛАНЕТУ МИРА»

«Сегодня планомерно осуществляется процесс трансформации государственных органов. И конечно, Национальное бюро по противодействию коррупции не является исключением. Как мы сообщали ранее, была утверждена Дорожная карта развития Антикоррупционной службы на трехлетний период. Документ направлен на коренные, современные преобразования практически по всем линиям деятельности органа. Это совершенствование кадровой политики, централизация и цифровизация внутренних процессов, открытость и клиентоориентированность органа, усиление международного сотрудничества, а также информационной безопасности», - отметил Хаким Кушкалиев.

По его словам, в рамках дорожной карты планируется реализовать 15 проектов. «Конечно, их эффективность во многом зависит от человеческих ресурсов и правильной организации данной работы. Поэтому Председателем Агентства А.Ж.Шлекбаевым было принято решение о создании в Нацбюро проектного офиса. Его главной целью является качественная реализация дорожной карты и внедрение проектного подхода в деятельность органа. Наш офис расположен на 5 этаже здания», - подчеркнул он. Проектный офис создан по принципу открытого

благотворно скажется на мотивации и создаст особую творческую атмосферу. Как отметил руководитель Штаба Хаким Кушкалиев, главной составляющей проектного офиса являются человеческие ресурсы. Поэтому туда были отобраны наиболее креативные и инициативные специалисты. Все, кто задействован в проектах, прошли обучение у сертифицированного тренера с закреплением необходимых навыков управления проектами. «Не секрет, что текущая деятельность и загруженность сотрудников не позволяют полноценно реализовывать проекты, поэтому отдельные из них были освобождены от повседневной работы. Тем самым мы создали все условия для эффективной реализации проектов в рамках Дорожной карты Нацбюро», - отметил он. В целом проектный офис будет работать по принципу «от идеи к воплощению». Интересные мысли и предложения будут прорабатываться в формате Brainstorm (мозговой штурм). Реализация указанных мер позволит значительно повысить профессионализм, эффективность и открытость Нацбюро, ориентированного на высокое доверие граждан.

А. АКЫБАЕВА.

ВАЖНЕЙШИЕ ТРЕБОВАНИЯ

Согласно положениям Кодекса, принятом на внеочередном седьмом съезде судей Республики Казахстан, обязательным качеством судьи является скромность, исключающая самовольство, высокомерие, нетерпимость, совершенно недопустима чрезмерная самоуверенность. Скромность в общественной жизни, одно из важнейших требований нравственности. Умение предъявить требование, задать вопрос – так же одна из специфических норм профессионального морального облика судьи. Требовательность должна сочетаться, соединяться с проявлением доверия и уважения, более того, выступать как одна из форм уважения к человеку.

Большое значение имеет еще одна способность – умение слушать. Слушать это не только не перебивать, но и уметь услышать. Тесно связана со способностью быть внимательным и такая норма, как корректность в обращении. По сути дела, это выражение таких внутренних личных свойств, как самообладание, выдержка, уравновешенность. В самых различных ситуациях корректность способствует достижению лучшего понимания, лучшего контакта с людьми. Самым верным критерием моральных качеств судьи выступает его авторитет. Его истоки – глубокие знания в области юриспруденции, упорный труд, высокие нравственные достоинства: честность и правдивость, скромность и простота, высокая требовательность к себе и другим, развитое чувство долга и ответственности.

Адилет БАКЫТОВ,
судья СМУС Алматинской области.

ВНЕДРЕНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СУДОПРОИЗВОДСТВЕ

Реформа «Обеспечение верховенства закона» предусматривает 19 конкретных шагов в сфере совершенствования правовой системы Казахстана.

Для соответствия судопроизводства современным требованиям в судах проводится аудиовидеофиксация всех судебных процессов. Важным направлением внедрения аудиовидеофиксации является обеспечение дистанционных судебных процессов с применением научно-технических средств – видеоконференцсвязью.

Проведение судебных процессов видеоконференцсвязью позволяет сторонам находясь в другом регионе участвовать в судебном разбирательстве дела. Современное оборудование видеосвязи обладает функциональными возможностями, о которых несколько лет назад можно было только мечтать. Расширяется использование высокоскоростного Интернета, применение средств видеосвязи становится все более привычным и легким. Основным фактором, влияющим на рост рынка видеоконференцсвязи (ВКС), является экономия времени, снижение расходов на поездки, люди все чаще стали прибегать к средствам виртуализации встреч.

В настоящее время в рамках седьмого приоритетного направления Верховного Суда Республики Казахстан по дальнейшей цифровизации процесса отправления правосудия, в судах республики реализуется проект «Виртуальный суд». Проект «Виртуальный суд» позволяет участникам судебных процессов дистанционно участвовать в судебных заседаниях, сокращает сроки рассмотрения судебных дел, экономит время и средства участников судебного процесса, связанного с проездом до суда и обратно, решает проблемы физических ограничений к перемещению по медицинским показаниям граждан. Так во многих отдаленных от расположения судов регионах, сельских округах оборудованы кабинеты судебного заседания с возможностью подклю-

чения посредством видеоконференцсвязи с судами.

Разъясняя простым языком, процедура дистанционного участия в судебных заседаниях выглядит следующим образом: гражданин (участник судебного процесса) получает повестку (извещение) о вызове в суд, сообщает суду о желании участвовать в судебном заседании дистанционно, посредством видеоконференцсвязи или посредством мобильной видеоконференцсвязи; далее в назначенное время технические работники судов соединяют компьютер, установленный в зале судебного заседания с компьютером или мобильным телефоном участника судебного процесса, вот таким простым способом проводится дистанционное судебное заседание.

Данный проект позволяет жителям отдаленных районов, а также близлежащих сельских округов, не выезжая в районный центр, участвовать в судебных заседаниях. Аналогичная процедура дистанционного участия в судебном процессе предусмотрена и мобильной видеоконференцсвязью (МВКС), т.е. дистанционное участие в судебном заседании с помощью мобильного телефона. Мобильная видеоконференцсвязь предоставляет еще больше возможностей для участия в судебном заседании, участник судебного заседания может подключиться к судебному заседанию в любом месте, где бы он не находился. Для проведения МВКС необходимо стороне по делу скачать программу TrueConf приложения PlayMarket или AppStore (или другое приложение) и установить на телефон. Современные суды становятся мобильнее, внедрение новых актуальных проектов в судопроизводство способствует расширению доступа к правосудию, исключению судебной волокиты и упрощению работы судов.

Азамат МАДИЕВ,
судья Аксуского городского суда.

ЖАЙДАРМАН ЖАҢАЛЫҚ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ РАЙЫМБЕК АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ СҮМБЕ ӨЗЕНІНДЕГІ СУ ТОРАБЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ТОЛЫҚТАЙ АЯҚТАЛДЫ. АТАЛҒАН ЖОБА 2017 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ СУ КӨЗДЕРІН ОРТАҚ ПАЙДАЛАНУ КЕЛІСІМДЕРІ АЯСЫНДА ҚОЛҒА АЛЫНҒАН. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҚТА ЖАҢА НЫСАНДЫ АШУҒА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ. ОҒАН ҚР АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ МИНИСТРЛІГІНІҢ ВИЦЕ МИНИСТРІ ЕРПАН НЫСАНБАЕВ, ҚХР СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТЯНЬ СЮЕБИНЬ БАСҚА ДА САЛАНЫҢ ЖЕТЕКШІ-МАМАНДАРЫ ҚАТЫСТЫ.

СҮМБЕ СУ ТОРАБЫ АШЫЛДЫ



жұмысты сәтті аяқтады. Құрылыс екі мемлекетке ортақ. Объектіні басқару және пайдалану жеке халықаралық келісіммен реттеледі. Су торабын қаржыландыруды тараптар тепе-тең жүзеге асырды. Болашақта гидро-техникалық құрылым бірлесіп басқарылатын болады. Сонымен бірге бұл Сүмбе өзенінің су ресурстарын тең үлеспен, тең құқықты негізде пайдалануға мүмкіндік береді. Сол себепті нысанды іске қосу екі мемлекет арасындағы тарихи оқиға. Жыл сайын трансшекаралық су

ешқандай шараларға бармайды. Сондықтан бұл бастама тату достықты, өзара қарым-қатынасты негіз еткен оңтайлы шешім екені сөзсіз», – деп атап өтті.

Мамандардың айтуынша, құрылыс жұмыстарына жалпы 160 млн теңгеден астам қаражат жұмсалған. Жобаның өңірдің дамуына, Райымбек ауданының экономикалық-әлеуметтік көрсеткіштерінің жоғарылауына тигізер пайдасы зор. Енді Сүмбе ауылының маңайындағы шаруа қожалықтарының 2000 гектардан астам егістік алқабы еш кедергісіз сумен қамтамасыз етілмек.

Айдын КӘЛІМХАН.



Нысанды ашу салтанатында сөз алған Ерпан Нұралыұлы: «Қазіргі уақытта Қазақстан мен Қытай арасындағы су қатынастары саласындағы ынтымақтастық екіжақты келісімдер негізінде сындарлы және жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Оған осы атқарылған жұмыстар куә. Сүмбе өзеніндегі бірлескен су құрылысын жаңарту, оны іске асыру мақсатында жеке үкіметаралық келісімге қол қойылған. Келісімге сәйкес, біз бұдан бір жыл бұрын жұмыс бастаған болатынбыз. Осы қысқа мерзім ішінде қос тараптың мамандары, жобалаушылары және құрылысшылары бар күш-жігерін жұмсап,

ресурстарын қорғау мен ұтымды пайдалануға байланысты көптеген мәселелерді қамти отырып, біздің ынтымақтастығымыз артып келеді. Біз мұндай тату көршілік, сенім мен өзара тиімділік негізіндегі ынтымақтастықты одан әрі жалғастыруға ниеттіміз», – деді.

Сөз кезегінде қытайлық меймандар: «Жаңа тоған екі жаққа да тиімді. Себебі, ұзақ жылдардан бері Сүмбе өзенін екі елдің халқы тең пайдаланып келеді. Әрі қытай қазақ еліне нұқсан келтіретін

ПІКІР

ЕЛІН СҮЮ – ЕЛДІҢ ПАТРИОТЫ БОЛУ

Патриотизм – өз Отанына деген махаббат, адалдық. Елім, жерім, тілім деген әрбір адамды патриот дейміз. Демек, Отан – әр адамның жүрегіне жылы тиер қасиетті сөз. Отан – біздің туған еліміз, туған жеріміз, достарымыз, туған-туысқандарымыз. Отан адам үшін біреу ғана.

Биылғы жылы Елбасының рухани жаңғыруға шақырған, қоғам үшін аса құнды «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының мақсаты – жастар арасында Отанға деген сүйіспеншілікті арттырып, патриоттық рухты күшейтуге қадам жасау. Отан алдындағы парыз, абырой және халыққа адалдық – қай уақытта да осы мекеме қызметкерлері үшін күмәнсіз бағдар. Жоғары патриоттық сананы дәріптеу мемлекет және құқық қорғау органдары үшін аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Сондай-ақ, этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азамат елмен біртұтастығын сезінуі, бауырмал халықтың бір бөлігі екендігін түсінуі қажет.

«Ешкім іштен батыр болып тумады: батырлықта, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады». Отанды қорғау – әр азаматтың парызы. Ал Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру адамның өмірге келген сәтінен басталып, отбасында осы ұғым бала бойына сіңіріліп, түсіндірілуі тиіс. Сонда ғана кез келген адам елі мен халқының, қала берді өз отбасының қауіпсіздігі мен келешегі өзінің қолында екенін түсінетін болады.

Л.М. ЖЕТЕНОВА,
Кербұлақ ауданының №2
аудандық сотының бас маманы.

МАМАН МІНБЕРІ

Қоғамдық қарым-қатынастарға құқықтық нормалардың тиімді әсер етуін қамтамасыз етуде мемлекеттік органдардың құқықты қолдану қызметінде сот жүйесіне үлкен рөл беріледі. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 8-бабында тәуелсіз және әділ сот арқылы істің әділ және ашық қаралуын талап етуге құқығы бекітілген. Бұған ҚР Конституциясының 12-бабымен де кепілдік беріледі, яғни, онда «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғалуына құқығы бар» делінген.

СОТ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Тұңғыш Президентіміздің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі – азаматтардың конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асыруы» деп ерекше атап өткен. Соның ішінде сот төрелігін жүзеге асыру процессін оңайлатып, артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек екендігі айтылған. Сондай-ақ, соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды тапсырып, ұсақ мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет екенін айтқан болатын. Елбасының осы тапсырмаларын орындау аясында Республика соттарымен «Виртуалды сот», SMART-сот пилоттық жобалары жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта Республика соттары сот отырыстарын қашықтықтан жүзеге асыруға мүмкіндік беретін аудио-бейне тіркеу жүйелерімен жабдықталған. Адам басқа жерде бола тұра сот отырысы залымен бейне-конференц баланыс арқылы қосылып, тыңдалуына, өзі де сот процессінде не болып жатқанын барлығын естуіне мүмкіндігі бар.

Бүгінгі таңда мобильдік технология дамуға кең жол ашып отыр. Адамға сотқа келу де қажет емес. Өйткені, үйінде, кеңседе отырып немесе сапарда, демалыста болып та сот жүйесіне өзінің смартфон, планшеттік компьютері немесе смарт сағат арқылы да қосыла алады. Ол үшін сот отырысына қатысушы өзінің мобильдік құрылғысына «TrueConf» арнайы қосымшасын орнатуы керек. Содан кейін сот отырысына логин арқылы қосылуға облыстық соттың программистері көмек көрсетеді. Ол үшін өзінің мәліметтерін және қаралатын істің немірін беруі қажет. Бұл адамның сот арқылы қорғалу құқығын анағұрлым жеңілдеткен жаңашылдық. Адам құқығы – адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған, заңмен қорғалатын ең жоғарғы демократиялық құндылық. Сондықтан да, әрбір адам өзінің де, басқаның осы құндылығын бағалай білуі және ешқандай зиян келтірмеуі керек.

Эльмира АЛДАБЕРГЕНОВА,
Талдықорған мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
төрағасы.

МЕНИҢ ТІЛІМ

Ұлттың тілі – ұлттың жаны. Тілінен айырылған халық ұлттық бейнесінен де ажырайды. Әлемде тілінен көз жазып қалып, артында өздері де тарих сахнасынан көрінбей кеткен халықтар өте көп. Әрине, ұлан-ғайыр жері, сүттей ұйыған халқы, көршілес елдермен ресми бекітілген шекарасы бар тәуелсіз Қазақстан үшін мемлекеттік тілден айырылып қалу қаупі жоқ. Бірақ, мәдени құндылықта әлсірей бастаған қазіргідей жаһандану дәуірінде өткенінді түгендеп, ұлттық болмысыңды сақтау – парыз.

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ САҚТАУ - ПАРЫЗ

Қазақстан тәуелсіздік алған ширек ғасыр ішінде талай биіктерді бағындырып, зор табыстарға жетті. Соның ішінде мемлекеттік тілдің конституциялық құқықтарын тайға таңба басқандай етіп, айқындап жазды. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп танылды, шетел тілдері оның қасында екінші немесе үшінші қосымша тілі ретінде қызмет атқаратын болып бекітілді.

«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Өның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Шыны керек, мемлекеттік тіл мәселесі Елбасының назарынан ешқашан түсіп көрген емес. Оның бастамасымен мемлекеттік тілді дамыту

мақсатында көптеген іс-шаралар өткізіліп, бірқатар бағдарламалар қабылданды.

Ендігі мәселе, қазақ тілінің қарыштап дамуына әрбір мекеме, әрбір ұжым мүдделі болуы тиіс. Бұл тұрғыда Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты да біршама шаруа атқарды. «Мемлекеттік тілдің қолдануын дамыту», «Іс қағаздарды мемлекеттік тілде рәсімдеу» тақырыптарында семинар сабақтарын өткізіп, мәселені жан-жақты талқылады. Мұндай жұмыстар әлі де жалғаса береді. Себебі, сот жоғарғы биліктің бір тармағы ғана емес, мемлекеттік саясаттың жүзеге асуына мүдделі құқықтық институт.

Данияр МОЛДАХМЕТОВ,
ТМАӘС бас маманы-сот отырысының
хатшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ЭКСПОРТТАУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒЫНДАРЫН ӨТЕУ

Алматы облысы кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі хабарлағанындай, «Қазақстан индустрия және экспорт орталығы» АҚ отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеуге өтінімдер қабылдау басталды. Өтінімдер 2019 жылдың 1 қарашасына дейін қабылданады.

Экспорттаушыларға шығындардың өтемі келесі бөлімдер бойынша жасалады: тауардың шетелдегі жарнамасы; шетелдік көрмелер, жәрмеңкелер, фестивальдарға қатысу; арнайы каталогты әзірлеу, шетел тілдеріне аудару және басып шығару; өкілеттілікті, сауда алаңын, қойманы ұстау; тауар белгілерін тіркеуге қатысты процедураны өткізу; сонымен қатар Қазақстан аумағында тауарларды жеткізу.

Шығындардың бір бөлігін өтелетін өңделген тауарлар тізбесіне ірі қара мал еті, жаңа сойылған немесе тоңазытылған ет және ет субөнімдер, балық кіреді.

«Осылайша, ірі бизнеске өтеуге берілген соманың 30%-ы, орта кәсіпкерлік субъектілеріне шығындар сомасының 50%-ы өтеледі. Ал шағын бизнес иелері шығындардың 60%-ын өтеуге мүмкіндік ала алады», – деп хабарлайды «Қазақстан индустрия және экспорт орталығы» акционерлік қоғамы.

Шығындардың өтемін алу үшін «СТ-KZ», сондай-ақ «СТ-1» және/немесе «СТ-2» және/немесе «А» және/немесе «Оригинал» формаларында тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың (тауардың шығу тегі сертификаттары) көшірмесін беру қажет, сонымен қатар сараптама және/немесе өнеркәсіптік куәліктің актілерімен, жұмыстарды/қызметтерді орындауға арналған келісімшарт (келісімшарттар) және оның қосымшасы көшірмесімен бірге қоса беріледі.

Шығындардың бір бөлігін өтеу туралы келісім жасайтын айдың алдындағы айдың бірінші жұлдызында Мемлекеттік кірістер органы есебін жүргізетін қарыздардың болмауы (болуы) туралы деректер берілу керек.

Сұрақтар болса,
8 7282 401 498, a.kaskargauov@atameken.kz
хабарласуға болады.

Ш. ХАМИТОВ.

КЕЛБЕТ

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗАҚҚА ЖАТТЫҒЫ ЖОҚ



Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы жанынан ашылған «Отандастар қоры», «Байланыс орталығының» директоры Тоқсанбаев Марат, Монғолия Республикасының «Баян-Өлгей аймағының құрметті азаматы» атағымен марапатталғанын қандастарымыз жар салып әлеуметтік желі, БАҚ-та жариялауда.

Алматы облысы Райымбек ауданының тумасы Тоқсанбаев Марат Есімқұлұлы – Қазақстан Республикасы еңбек, әлеуметтік және көші-қон саласының үздік қызметкері, Еңбек ардагері, қазақтың қарапайымдылығын бойына дарытқан асыл азамат.

Олай деуге өзіндік себептері де жетіп артылады. Біз, қазақ деген ұлт өкілдері, пешенемізге жазылғандай біреу еңніңің болмыс, санаңа сай өңгіме құрған пендені періштеміздей сыйлап елең ете қалатын, сол адамға ынтызарың ауып құрметтеп, сенім арта білетін қасиетке ие жандармыз. Жаратылысымыз солай десек те болады. Осы қасиетімізбен кімдерді төрімізге шығармадық, қай ұлт, ұлыстың өкілдерінің тасын өрге домалатпадық, өз отанынан көрмеген ұлағаттылықты, ұлылықпен көрсете білдік. Сол үшін де Алланың назары-

на ілігіп талай қырғын-соғыс, нәубаттардан аман қалған мың өліп мың тірілген қазақтың ұрпағымыз. Қай елде, қай жерде жүрсек те қандастарымызға деген құрмет қошеметіміз ерекше! Міне соның бірден бір куәсі Баян-Өлгей аймағынан тарихи Отаны – Атажұртына көшіп кеткен ағайындарының атамекеніне орналасып, тезірек бейімделіп кетулеріне ерен еңбегін арнаған, екі ел арасының қарым-қатынасына өзіндік үлесі бар Қазақстан Республикасының азаматы Марат Есімқұлұлына Моңғолия Республикасы Баян-Өлгей өз аймағының құрметті азаматы атағын беріп, әлем жұртына қазақтың бірлік-ынтымағын паш етті. Моңғолия Республикасы 18 аймақ, 280-ге жуық сұмыннан құрылған, аймақтары біздегі облыс деңгейіндегі, сұмыны аудан деңгейіндегі әкімшілік құрылымға

тең келетін ел. Орайы келгенде айтуға тура келетіні, моңғол халқының көптеген қасиет, ұстанымдары, келбет-тұлғалары да қазақ ұлтымен ұштасып жатады. Жолда қалсаңыз астындағы атын да бере салатын, қонағын төріне шақырып құрметтеп, төсегін жұмсақтап салып, қонақжайлылықпен шығарып салатын халық. Күні бүгінге дейін көшіп кеткендеріне отыз жылдай болған Қазақстан Республикасының азаматтарын Моңғолия еліндегі кезінде істеген еңбектеріне сай даталы жылдардың мерей той медальдарымен марапаттап жатады. Бұл да Отанына келіп елеусіз жүрген кейбір жандардың мерейін бір көтеріп тастайды.

Ал, Марат Есімқұлұлы қанына, тегіне тартып туған азамат. Әкесі Тоқсанбаев Есімқұл ақсақал бүгіндері тоқсаннан асып, әулетінің төрінде ұрпағының құрмет қызығына бөленіп отырған қадірлі қарттарымыздың бірі. Ақсақалдың дастарханында отырған бір сәтте ұлы Мараттың жоғарғы оқу орнын үздік бітіріп текті жердің Күләштай қызымен жұптасып отбасын құрғанына

көңілі толып ақ батасын бергенін айтқаны әлі есімде.

Шеттен келіпсің деп шет көрмей менімен де емін еркін біраз әңгіменің басын қайырып батасын берген еді. Әкеден балаға дарыған «Не көрсен де көппен көр» деген қасиетті тәлім, міне, ұлына шет елдің құрметті азаматы болуына жол ашты деуге болады. Тәлім-тәрбие тал бесіктен деген де осы шығар.

Ат үстінде, табиғаттың тылсым дүлей күштерімен арпалыса адуындықты бойларына көбірек дарытқан, қырандай саңқылдап, қырғидай шүйіле кететін Баян-Өлгей аймағының асау қазақтарымен Алматының апортын жеп, әсем қаласында әдептілікпен өскен Марат Есімқұлұлына алғашында тіл табысып кету әрине оңайға түспегені анық. Ол кезде көші-қон дегеніңіз, сені бұзылып, арнасына сыймай буырқанып тасыған өзен-көлдердің тоқтаусыз гүрілдей аққан ағымынан да әсерлі теңеуі жоқ дүлей бір дүние еді. «Мені ауыл аймағыммен, әулеттіммен көшіріп ал, мал мүлкім, қыран құсымды да бірге ала кетемін» деп төтесінен шарт қойғандары да көп болған.

Сондай бір дес бермей тұрған адуын ақсақалға Марат ағамыз: «Сіз қай сұмыннан келіп тұрсыз?», – десе, жаңағы ақсақал: «Ой, мынау сұмын деп өз тілімде сөйлеп тұр, біздің бала екен ғой» – деп айтқан екен. Тіл табысудың өзі алдыңдағы адамның бойындағы тәлімін алдын ала білуіңе тура келгені. Бабаларымыз мұндайда «Ұлы сөзге тоқтаған қазақпыз» дейді. Өз ісінің білікті мамандары мұндай қасиетті қағиданы қалай қалт жіберсін. Моңғолия, Еуропа елдерінің талай отбасының ұрпағына кіндік ата болған кездері де Марат ағамыздың өмірінде болған жағдай. Кіндік балалары қазір өз елінде ана тілінде тәрбиеленіп, аталарының жолын қуып жүр десек те артық айтпаған болар едік. Міне бір азаматтың басына Алланың берген бағы, ата-анасының ақ батасының қабыл болғанының куәсі осылай ағайын.

Қазақтың ұлы көші тоқтамасын! Ендігі көштің тізгінін Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы өз қолына алып, көш кемелдене берсін деп тілейік, ағайын!

Құрметбек
САНСЫЗБАЙҰЛЫ.

ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК

БІЛІКТІ МАМАН, ІСКЕР ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ ТҰРЫСБЕК ӘКІМХАНҰЛЫ ЖҰМАДІЛОВТЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ ТЕКЕЛІ ҚАЛАЛЫҚ ФИЛИАЛЫ БЕС ЖЫЛДАН БЕРІ ҚЫРУАР ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫП КЕЛЕДІ. «ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ НҰРЫ ТАСЫСЫН» ДЕГЕНДЕЙ ЕНДІ АТАЛМЫШ ФИЛИАЛДЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ІРГЕЛІ ІСТЕР ЖАЙЛЫ БІРЕР МЫСАЛДАРҒА ТОҚТАЛА КЕТСЕК.



АУҚЫМДЫ ІСТЕР АТҚАРЫЛУДА

Атап айтқанда, қаланың орталық саябағында «Кәсіпкерлер аллеясы» ашылды. Қала тұрғындарының сүйікті орнына айналған осы орталық саябаққа көптеген қарағайлар мен ақ қайындар отырғызылып, жылдан жылға көркейіп, ажарлана түсуде. Кеншілер шаһарында орта және шағын бизнеспен айналысатын жеке кәсіпкерлер қатары көбейіп келеді. «Даму» дамыту қоры және кәсіпкерлер палатасының Текелі қалалық филиалының қолдауымен «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында «Швейцария» кешенінде заманауи талаптарына сай жабық жылы бассейні іске қосылды. 2014 жылы Кәсіпкерлер палатасына қала бойынша 16 кәсіпорын жүгініп, оларға мемлекеттік қолдау көрсетілді, ал 2015 жылы бизнесін дамыту үшін 5 кәсіпкер ақшалай қаражат, 7 кәсіпкер жер телімін алды. Дуальді оқыту аясында 30 адам Теміртау қаласында оқу курстарын өтті.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «100 жоба» бағдарламасы аясында жеке кәсіпкер «Беймбет» бөдене фермасы ұйымы іске асырылды. 2018 жылы «Бизнес кеңесші» жобасы аясында 50 адам, «Іскерлік байланыс» жобасымен 3 адам оқу курстарынан өтіп, сертификат алды. «Жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасымен өткен жылы 5 кәсіпкерге шағын кредит мақұлданып, «Бастау

Бизнес» жобасымен «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» акционерлік қоғамы арқылы 2 кәсіпкер қаржылай көмекке ие болды. «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың аясында «Бастау» жобасы оқытылды, «Бизнестің жол картасы – 2020» дуальды оқыту жобасы бойынша Текелі кәсіптік колледжінің 25 студенті «Жас кәсіпкерлер мектебі» оқуларын тегін оқып, сертификат алды.

Кәсіпорын базасында «Текелі барыс» оқу орталығы бар. Мұнда жұмыссыз азаматтарды тігу ісіне оқытып мемлекеттік айлық төлемақы қарастырылған. Қазақстанда алғаш рет республикалық деңгейде кәсіпкерлер палатасының Текелі қалалық филиалының бастамасымен «Ұнтақтап тарататын және сұрыптағыш машиналар операторы» мамандығы бойынша қысқа мерзімді дуальды оқыту курсы іске қосылды.

Филиал директоры бастаған топпен бірлесе іскер әйелдер кеңесі «Текелі Асар» жобасын іске қосып, қайырымдылық сөрелері ашылды. Жобаның басты мақсаты – жағдайы төмен және аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету.

Ш. БАТЫРОВ.

ОБЛЫСТЫҚ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ БАЙҚАУ

МЕНІҢ ӨЛКЕМНІҢ АҢЫЗДАРЫ

М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейі 2019 жылы наурыз айында Жетісу өңіріне қатысты зерттеулер мен өлкетану материалдарына қозғау салу мақсатында жастар қарасында «Менің өлкемнің аңыздары» атты байқау жариялаған еді.



Байқаудың мақсаты – туған өлкеміздің ежелгі заманнан күні бүгінге дейінгі тарихын зерттеу, кейбір жекелеген оқиғалар, ұмытыла бастаған тұлғалар туралы тарихи деректерді жариялау, жерсу атауларының пайда болуын зерттеу, өлкенің жалпы тарихын қалыптастыру болатын.

Жалпы шара жастарды қатыстыра отырып, жас буын арасында өлкетану идеясын насихаттап, шығармашылық қабілеті бар шәкірттерге қолдау көрсету мақсатында өткізілді. 18 мамыр – Халықаралық музейлер күніне орай осы байқаудың қорытындысы жасалып, үздік жұмыс иелері жүлделі орындар, номинациялармен марапатталды.



Бауыржан ҚҰРБАН,
М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері.

Жестокое обращение с детьми – это не только побои, нанесение ран, сексуальные домогательства и другие способы, которыми взрослые люди калечат ребёнка. Это унижение, издевательства, различные формы пренебрежения, которые ранят детскую душу.

Пренебрежение может выражаться в том, что родители не обеспечивают ребёнка необходимым количеством пищи, одежды, сна, гигиенического ухода. Кроме того, пренебрежение проявляется в недостатке со стороны родителей уважения, внимания, ласки, тепла. Родители это дело другое, так сказать отдельная тема. Но вот обращения в детских садах с нашими детьми, вот об этом стоило бы беспокоиться.

В Павлодарской области воспитательница избила трехлетнего ребенка;

В Темиртау разразился скандал из-за воспитательницы, душившей одеялом ребенка;

После жуткой истории с темиртауской девочкой детсада и школы хотят оснастить камерами;

Воспитательнице, которая душила ребенка в детсаду, грозит штраф, часто слышим да, такого рода новости. И это только подборка первых попавшихся. Если смотреть дальше таких новостей будет все больше и больше. Случаи жестокого обращения с детьми в детском саду происходят регулярно. И нет никакой гарантии, что дошкольный педагог не переступит запретную черту, применяя свои методы «укрощения» ребенка.

К сожалению, многие взрослые не знают о юридических правах ребенка и не осознают меру своей ответственности за их обеспечение, как перед ребенком,



БЕЗОПАСНОСТЬ ДЕТЕЙ - ЗАБОТА ВЗРОСЛЫХ!

ЕСТЬ ЛИ ЧТО-НИБУДЬ ВАЖНЕЕ, ЧЕМ БЕЗОПАСНОСТЬ ДЕТЕЙ. КАЖДОМУ ИЗ РОДИТЕЛЕЙ, ОСТАВЛЯЮЩИХ СВОЁ ЧАДО В ДЕТСКОМ САДУ, ХОТЕЛОСЬ БЫ ЧУВСТВОВАТЬ СПОКОЙСТВИЕ, ЧТО С ИХ ДЕТЬМИ, НЕ ПРОИЗОЙДЁТ НИЧЕГО ПЛОХОГО. ОДНАКО, СЕЙЧАС МЫ ЖИВЕМ ПОД ВПЕЧАТЛЕНИЕМ МНОГОЧИСЛЕННЫХ СКАНДАЛОВ, СВЯЗАННЫХ С НЕДОПУСТИМЫМ ОБРАЩЕНИЕМ РАБОТНИКОВ ДЕТСКИХ САДОВ, С ВОСПИТАНИКАМИ.



так и перед законом. Психологи уверены: научить ребенка противостоять взрослой агрессии невозможно, ведь это может еще сильнее спровоцировать взрослого. Чему нужно учить ребенка – так это обращаться за помощью к родителям. Но вот, сегодня родители все меньше времени уделяют детям, и малыши вынуждены справляться с проблемами самостоятельно.

«Задача родителей – как можно раньше выявить факты грубого отношения к ребенку. Порой это совсем нелегко, потому что дети могут смолчать о том, что их обидели», - говорят психологи.

Помогите ребенку. По словам эксперта, в большинстве случаев ребенок подвергается насилию неслучайно. Чаще всего он копирует негативные примеры поведения своих родителей. Так, если папа или мама сами подвергались насилию, это отражается в их поведении. А ребенок, в свою очередь, копирует эту позицию, что мир опасный, и начинает жить в ощущении зажатости и давления. Любая негативная ситуация в садике вызывает еще большую травму. «90% проблем у

ребенка – это проблемы родителей. Поэтому, если вы хотите помочь, не нужно менять ребенка – нужно менять себя». На проблемы в детском саду укажут изменения в эмоциональном состоянии ребенка, отмечает психолог. Например, дефицит доверия и открытости к взрослым, отсутствие аппетита, желания играть, разговаривать, радоваться. Все это – тревожные звоночки для родителей. Не нужно ругать и критиковать малыша за то, что он не кушает и не слушается, а узнать, что случилось. Ведь если на физическую или психическую травму в садике накладывается еще и критика от мамы и папы, у ребенка появляется недоверие ко всему миру. Формируется позиция, что мир опасен. Часто, когда ребенок не смог постоять за себя, родители начинают ругать его за слабость и мягкотелость, особенно это касается мальчиков. Родителям надо занять позицию поддерживающего, а не критикующего. Мужчины почему-то считают, что воспитание мальчика происходит через унижение. Но ни к чему хорошему это не приводит – лишь сильнее травмирует детскую психику. Любая травма приводит

к комплексам и другим внутренним проблемам у ребенка. Он постепенно закрывается, создавая оболочку между собой и внешним миром. Кроме того, очень важно, начиная с 3–4-х лет, давать ребенку возможность самостоятельно принимать решения. Когда родители принимают решения за ребенка, он вырастает абсолютно безответственным к своей жизни. Его ударили или толкнули, а ему все равно. Ведь мама не объяснила, как отвечать в таких ситуациях. Психологи призывают родителей дать детям возможность взрослеть и принимать самостоятельные решения, иначе, и в 20 и в 30 лет они будут оставаться беспомощными детьми.

Вот что говорят юристы. Юристы рекомендуют родителям, чьи дети страдают в саду от психологического давления – постоянных замечаний, одергиваний, придира, грубости в обращении – немедленно обратиться с жалобой к заведующей детским садом. Если же имеет место психологическое унижение или физическое

насилие, старается всячески замаять неприятную ситуацию в своем учреждении и оправдать педагога, - отмечают юристы. Если родителей не устраивает такой подход, лучше обращаться в более высокие инстанции – управление образования, полицию или прокуратуру. По их словам, первоочередная задача родителей ребенка – установить контакт с родителями других детей из группы и выяснить, что им известно о конфликте. Часто ребенок – свидетель грубости воспитателя рассказывает об этом своим родителям. А ребенок, на которого была направлена грубость, молчит и замыкается. Поэтому очень важно быть на связи с родителями, чьи дети ходят в ту же группу. Это поможет получать дополнительную информацию и контролировать ситуацию. Эксперты отмечают, что в случае коллективной

жалобы вышестоящие инстанции заведующей будет гораздо сложнее спустить дело «на тормозах». Коллективная жалоба, вызывает больший резонанс, чем обращение одного из родителей. Потому что один родитель – это всегда субъективная точка зрения. Полиция обязана провести свое расследование, а органы прокуратуры – проверку, коллективная жалоба поможет добиться более быстрой реакции со стороны контролирующих органов, заключили эксперты.

Необходимо особо отметить, что причиной появления ушибов, могут быть не только насильственные действия воспитателей, но и не надлежащее исполнение ими своих обязанностей. Например, дети могут быть оставлены без присмотра во время прогулки или же вовремя каких-нибудь активных игр. Кроме того, воспитатели могут нарушать правила техники безопасности и допускать присутствие детей в травмоопасных местах. Часто бывают и такие случаи, что произошло и у нас в Талдыкоргане. Несчастный случай произошел в детском мини-центре. Девочка играла на подоконнике, когда воспитатель решила проветрить помещение. Педагог открыла окно, и ребенок сорвался вниз со второго этажа. Девочка оперлась на москитную сетку. Поймать её педагог не успела...

Ну что же делать в таких случаях? Как теперь быть? Значит, все мы поняли,



насилие, обращаться нужно в полицию и прокуратуру. В этом случае воспитателю грозит административное либо уголовное наказание за противоправные действия в отношении ребенка. Также можно написать жалобу в местное управление образования. Но вот когда родители приходят к заведующей с жалобой, начинается служебное расследование, которое часто заканчивается ничем. Потому что заве-

что нашим детям не безопасно в детских садах. И что теперь делать, не отдавать ребенка в садик...? Очень трудная и болезненная тема. Ведь безопасность ребенка самый главный вопрос для всех нас. Стоит ли бить тревогу. Нужно об этом подумать.

А. МУРАТКЫЗЫ.

АЙМАҒЫ МЫҚТЫ ЕЛ – АЙБЫНДЫ ЕЛ

ШАҒЫН АУЫЛДЫҢ ЖҮЛДЫЗДЫ СӘТТЕРІ

Алматы облысының Алакөл ауданындағы
Лепсі спорт мектебі туралы бірер сөз
немесе

Жетісу өлкесінде халқымыздың көне тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін елді мекендер көптеп кездеседі. Солардың бірі – Алатау тауларының бөктеріндегі Алакөл ауданының Лепсі ауылы. Елді мекен шығысқа қарай Алматыдан 500, ал Талдықорған қаласынан 250 шақырымдай қашықтықта жатыр. Теңіз деңгейінен 1200 метр биіктікте орналасқандықтан ба, қысы қарлы, жазы жаңбырлы келеді. Жанға жайлы, таңғы шықтай таза ауасы да саф алтынға бергісіз. Әсіресе, көк майса шалғыны мен жұпар иісті, дәрілік, емдік қасиеттері бар шөптерді, айналасын қызылды-жасылды бояуға бөлейтін мыңдаған табиғи гүлдердің түрлерін де осы аймақтан табатыныңыз анық. Содан болар жергілікті жұрттың негізі ара өсіріп, бал омартасымен шұғылданады. Төл кәсіптің атадан балаға мирас болып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқанына да бір ғасырдан асқан екен... Міне, құрметті оқырман, табиғаты әсем де көрікті жерінде ұлтымыздың батыр ұл-қыздарын шыңдап, тәрбиелейтін спорт-интернатының ашылуын өз басым заңдылық деп түсіндім. Осы ретте Самбо күресінен 1993 жылы өткен жастар арасындағы әлемдік чемпионатының қола жүлдегері, ҚР спорт шебері, спорт-интернатының директоры Сержан Бостанұлы Омаровқа арнайы жолығып, жас спортшылардың бүгінгі аяқ алысы туралы және алдағы уақытта атқарылатын міндеттері жөнінде қысқаша әңгімелескен едік.



облыс көлемінде алдыңғы қатардан көрініп, жаппай жоғары оқу орындарына түсті. Ауыл баласы Әлімхан Жәнібек бокстан әлемдік деңгейде бірнеше дүркін чемпион атанды, жерлестеріне ұмытылмастай қуаныштар сыйлады. Бауыржан ағамыздың арқасында ауылдың екінші тынысы ашылып, салауатты өмір салты қалыптасты десек те болғандай. Міне, осындай берекелі қуаныш қадамы 2015 жылы Алатау бөктеріндегі Лепсі ауылында өз жалғасын тапты.

– Шынында, Жыланды ауылынан жинақталған мол тәжірибе Лепсі жерінде де өз нәтижесін берген болар. Дегенмен мұндағы жұмыстың да ерекшеліктеріне тоқтала кетсеңіз?

– Ия, бұл жерде де оңай болған жоқ. Бар ауырпалықты Бауыржан ағамыздың өзі көтеріп алды. Ескірген, құлаудың аз-ақ алдында тұрған ескі мектеп толық күрделі жөндеуден өтті. Спорт-интернатына тән жатақханалар тұрғызылды.

Спорт залдар салынды. Қажетті заманауи тұрғыдағы құрал-жабдықтар қажетті мөлшерде жеткізілді. Мұғалім, ұстаздар мен білікті маман, жаттықтырушылар жан-жақтан арнайы шақырылды. Оларға арналып, жаңадан сегіз тұрғын үй бой көтерді. Бүгінгі ақпараттың күші мен жылдамдығында шек бар ма?! «Спорт-интернаты ашылады» деген ақпараттың шығуы мұң екен, еліміздің түкпірінен жастар хабарласа бастады.



Павлодар, Солтүстік Шығыс Қазақстаннан келген балалардың саны тым көп болды. Шамамен 2015 жылдың жазында спорт-интернатына тілек білдірген оқушылардың саны 300-ден асып кетті. Мектеп әкімшілігінің жоспары бойынша алғашқы кезде спорттың алты түрінен 100 баланы ғана қабылдауға байқау жарияланса, кейін 150 балаға дейін оқытуға мүмкіндік

туды. – Лепсі ауылының төл кәсібінің бірі бал омартасы екенін жақсы білеміз. Оның емдік қасиеті де керемет. Жас спортшыларға бал тағамдарын тұрақты түрде тегін беріліп отыруы да қуанарлық екен. Осы туралы кеңірек айта кетсеңіз?



– Өзіңіз байқағандай, ауылымыздың көрікті табиғатына қарай бал омартасы да жоғары деңгейде дамып отыр. Бұған да демеушілік танытып, бас-көз болып отырған Бауыржан ағамыз. Бұрында әр омарташы өзінше тірлік жасайтын. Өндірген өнімдерін өткізу қиынға соғатын. Қазір, 2016 жылдан бастап, ауылымызда бал өңдейтін шағын зауыт жұмыс істейді. Әр омарташыда орташа алғанда 100-ден астам омартасы бар десек, 50-ден астам омарташыда қанша бал арасы барын өзіңіз санай беріңіз. Бүгінгі таңда бұл кәсіптің де тасы өрге домалып тұр десек артық айтқандығымыз емес. Табиғаттың мол жеміс-жидегін кеңінен пайдаланып, шырын мен тәтті сусындар дайындайтын цехтар да іске қосылды. Қысқасы, кәсіпке икемі бар азаматтарға жұмыс баршылық. Ал балдың сапасы туралы айтсақ, ол өзінше бір әлем. Кезінде Ресей императоры Романовтар әулетінің 300 жылдығына орай

– Шынында, уақыттың жылдамдығында шек бар ма Спорт-интернатының ашылғанына да төрт жылдан асты. Өткен жылы мектеп түлектері қолдарына көмелеттік атесттарын алып, өмірге жолдамаларын алды. Нәтиже қандай, атап өтер жетістіктер бар ма?

– Жалпы қазақ жастарының кез келгені спортқа бейім екеніне азамат ретінде көзім анық жетті. Аталарымыздың «Қанында бар» деген аталы сөзі бекер айтылмаса керек. Тек жастарға дұрыс тәрбие беріп, сүйікті спорттыңа дер мезгілінде ынталандырып, шыңдай білу ол үлкендердің міндеті. Осы жағынан келгенде Лепсі ауылындағы спорт-интернаты дер мезгілінде ашылды деп айта аламын. Мектепте оқушылар спорттың алты түрімен шұғылданады. Олар: бокс, дзюдо, еркін күрес, грек-рим, қазақша күрес пен шаңғы спорты. Нәтиже бар. Оның бәрін тізіп шығу мүмкін емес. Жастарымыздың алды шамаларына қарай облыстық, республикалық, Азия мен Еуропа деңгейіндегі додалы жарыстарға қатысып, жүлделі орындардан көріне бастады.

Атап айтқанда өткен жылдың сәуір айында Жаңақорған кентінде еркін күрестен өткен 2004 – 2006 жылдары туған жасөспірімдер арасындағы республикалық турнирінде үш оқушымыз Шаттық Алайдар, Мәди Батырбаев пен Алинұр Амантай жүлделі орындардан көрініп, ауылдастарын қуантты. Сол сияқты Бекнұр Тәңірберген деген жас спортшымыз Жезқазған қаласында өткен қазақ күресінен ҚР чемпионатына қатысып, 64 келі салмақта үшінші орынды жеңіп алды. Ресейдің Барнауыл қаласында өткен дзюдо күресінен 2004 – 2005 жылдары туған жасөспірімдер мен қыздар арасындағы А. Новиковты еске алуға арналған халықаралық додалы жарыста Ильяс Джармұханбетов, Аяжан Мұхтарғали мен Замира Тәңірберген жүлделі бірінші және үшінші орындардан көріне білді. Ерлан Советхан деген жас спортшымыз Словения мемлекетінің Градек қаласында дзюдо күресінен өткен ашық Еуропа кубогі жарысына қатысып, бірінші орынға көтерілді. Міне, осы сияқты спорттағы табыстарымызды тізіп айта беруімізге болады.

– Әрине, жетістіктеріңізге біз де қуаныштымыз. Ол туралы бұқаралық ақпарат құралдарында, әсіресе әлеуметтік желілерде жиі-жиі жарияланып жатқанын өзімізде көріп отырмыз. Десек те, таулы аймақ болған соң, шаңғы спортының бағы жанып, оның дамып, көзге түсуі де заңдылық сияқты, қалай ойлайсыз?

– Ойыңызды түсіндім. Өткен жылғы Пхенчханда өткен қысқы олимпиада бізге қатты ой салды. Екі жүздей қыз-жігіттеріміз барып, бір қола медальді арқалап келгенін де жақсы білеміз. Сондықтан мүмкіндігінше намысқа тырысып, шаңғы спортын дамытуға бар күш-жігерімізді жұмылдырып жатырмыз. Бүгінгі күні төрт шаңғы спортынан төрт оқушымыз Қазақстан чемпионы атанды. Айша Рақышева деген қызымыз Павлодарда өткен республика чемпионатында екінші орынды алса, Риддер қаласында өткен жастар спартакиадасында бірінші орынға көтеріліп, алтыннан алқа тақты. Жүлделі орындардан көрініп жүрген Нартай Тұрлыбекұлы, Бекжан Ерхаметов, Нұрбол Нағимоллаев, Ернар Нұрбеков, Еламан Хумарбек, Асланбек Маратов, Виктория Серикова мен Анастасия Карташова дейтін жас ұл-қыздарымыздан үлкен үміт күтеміз. Құдай қаласа, алдағы Токио олимпиада ойындарынан мектеп түлектерін көріп қалармыз деген сеніміміз де жоқ емес.

Мәулетхан АҚСАНОВ.

МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының (РЭЖБӨИИ) 135 тұлғегі бір ай бойы мемлекеттік аттестациялық комиссияның қадағалауымен мемлекеттік емтихан тапсырады. Мемлекеттік емтихан тапсыру 2 кезеңнен тұрады: біріншісі – теориялық, екіншісі – қару-жарақ пен әскери техниканы қолдану машықтығын көрсететін практикалық кезең. Сонымен қатар, жылдамдығын, икемділігін, күші мен шыдамдылығы сынды физикалық қасиеттерін тексеру үшін дене дайындығы негізгі пән ретінде енгізілген.

РЭЖБӨИИ бастығы генерал-майор Асқар Мұстабековтың айтуынша, мемлекеттік қорытынды аттестацияның мақсаты – бітірушілердің біліктілік талаптарының деңгейі мен сапасын тексеру. – Бітіруші курсанттар үшін бұл өте жауапты кезең. Емтихан барысында меңгерген мамандықтарына сәйкес теориялық және

практикалық білімдерінің деңгейі тексеріледі, – деді жоғарғы әскери білім ордасының бастығы генерал-майор А. Мұстабеков.

Мемлекеттік емтихандар аяқталған соң курсантар диплом жобаларын қорғайды. Биылғы жылы РЭЖБӨИИ



13-ші рет 135 тұлғегін 8 мамандық бойынша шығарып салмақ. Олардың ішінде 32 курсант қызыл дипломға, ал 3-уі «Әскери оқу орнын үздік бітіргені үшін» төсбелгісіне үміткер.

Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты зенитті зымыранды, радиотехникалық әскерлері, әскерлер мен қару-жарақты автоматандырылған басқару жүйелері инженерлері, байланыс әскерлері, авиацияны радиотехникалық қамтамасыз ету мамандықтары үшін білікті офицерлерді даярлайды.

РЭЖБӨИИ баспасөз қызметі.

САНДЫҚТАҒЫ СӨЗ

Биапар – бейпіл ауыз, бейәдеп.
Биасыл – жасық, қорқақ, бос адам.
Бидақ – жалау, байрақ.
Бижарат – жарамсыз.
Бизауал – қас қарайған уақыт.
Бина – құрылыс, ғимарат, үй.
Борқа – шымылдық, төсек.
Бөжей – кемеңгер, дана, данышпан, көсем.
Бөктер – таудың, қия беттің етектен жоғарылау жері, бөксе тұсы.
Бөрдек – қымыз немесе шарап ашытатын торсық.
Бөрман – әртүрлі бұйым салатын үлкен ағаш жәшік.
Будара – тұтас ағаштан ойып жасалған қайық.



БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

ҚАЗАҚЫ КҮН РАЙЫН БОЛЖАУ ТӘСІЛІ



басталады. Бұл 2-3 күн ішінде толық аяқталады. Мамыр айының аяғында киіктердің лақтауы 2-3 күннен әріге созылмауы да осыдан.

КҮННІҢ ТАСУЫ

Халықтың айтуында «күн бой көтерді» дейтін уақыт қаңтардың алғашқы күніне сәйкес келеді. Бұл кезде де ауа райы өзгереді, қар жауады немесе сырғыма жүреді.

ҚАРАШАНЫҢ ҚАЙТУЫ

Қараша айында құс жылы жаққа қайта бастайды. Бұл кезде алғашқы қар түседі, күн салқындайды.

ҚЫРБАСТЫҢ ҚЫЗЫЛЫ

Желтоқсанның басында болатын алғашқы аяз. Қазақстанның солтүстігінде қыс ерте түседі. Бұл кездерде қатты аязды суықтар болады.

ТЕКЕНІҢ БҰРҚАҒЫ

Желтоқсанның соңғы онкүндігінде Қазақ даласында қатты боран соғады. Дәл осы кезде киік текесі маталады, яғни киік күйегі

ҚЫС ШІЛДЕСІ

Қаңтардың соңғы күндерінде қыс күшіне енеді. «Тіпу» десе, түкірік жерге түспейтін сақылдаған сары аяз болады. Мұны Қазақтар «қыс шілдесі» деп атаған.

БӨРІ СЫРҒАҚ

Ақпан айының қысы да ақырып келеді. Ат құлағы көрінбейтін борандар осы айда күш алады. Ай аяғындағы сырғақ пен қатты боранды күндердерінде қасқырлардың ұйығуы басталады. Сырғақ деп бұршақтан кіші, мұзды қар түйіршіктерін айтады. Көне көз қариялар бұл амалдың атауы осы бөріге байланысты екенін айтады.

БИЛЕР СӨЗІ

МӨҢКЕ БИДІҢ АЙТҚАНЫ

Кер заман кезінде:

Көлдің суы бітіп, табаны қалар,
Аттың жүйрігі кетіп,
шабаны қалар,
Жақсының атағы кетіп,
азабы қалар,
Әулиеңің аруағы кетіп,
мазары қалар,
Адамның жақсысы кетіп,
жаманы қалар,
Сөздің маңызы кетіп,
самалы қалар,
Сөйтіп, ақылы жоқ санасыздың
заманы болар.

Кер заманның кезінде:

Құрамалы, қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады,
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,
Ай сайын бас қосқан жиын болады.
Ішіне шынтақ айналмайтын,
Ежірей деген ұлың болады.
Ақыл айтсаң, ауырып қалатын,
Бедірей деген қызың болады.
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,
Кекірей деген келінің болады.
Табалдырықтан биік тау болмас,
Туысқаннан мықты жау болмас.

Кер заманның кезінде

су тартылар,
Тана мен торпаққа жүк артылар,
Ар-ұяттың бәрінен жұрдай болып
Қарап тұрған жігітке

қыз артылар.

Ішкенің сары су болады,
Берсең итің де ішпейді,
Бірақ адам оған құмар болады.
Қиналғанда шапағаты жоқ

жақының болады,

Ит пен мысықтай ырылдасқан
Еркек пен қатының болады...

Кер заманның кезінде:

Ертеңіне сенбейтін күнің болады,
Бетіңнен ала түсетін інің болады,
Алашұбар тілің болады,
Дүдәмалдау дінің болады.

Еркегің қазаншы болады,
Әйелің базаршы болады.
Жылқы жұлдыз болады,
Қой құндыз болады.
Кебір жерге теңеледі,
Әйел ерге теңеледі.
Көл теңізге теңеледі,
Сиыр өгізге теңеледі.
Ақырзаман адамы –
Сағынып тамақ жемейді,
Ащыны ащы демейді.
Тапқанын олжа дейді,
Алһам білгенін молда дейді.
Бір-біріне қарыз бермейді,
Шақырмаса, көрші көршіге
кірмейді.

Сарылып келіп тосады,
Құны жоқ қағазды судай шашады.
Ақырзаман халқының –
Шайдан басқа асы жоқ,
Жақыннан басқа қасы жоқ.
Лағынет қамыты мойнында,
Жұмыстан қолының босы жоқ.
Әрқашанда олардың
Көңілінің қошы жоқ.
Бар шаруасы түп-түгел,
Енді мұның иесі жоқ.
Заман ақыр боларда –
Жер тақыр болар,
Халқы пақыр болар.
Балалар жетім болар,
Әйелдер жесір болар,
«Ә» десе «Мә» дейтін
кесір болар.

Бас қосылған жерлерде,
Әйел жағы ден болар.
Жаман-жақсы айтса да
Өзіңікі жөн болар.
Орай салып бастарын,
Жалпылдатып шаштарын,
Тақымдары жалтылдап,
Емшектері салпылдап,
Ұят жағы кем болар.
Сөйткен заман кез болса,
Түзелуі қиын болар!..

ТӘМСІЛ

Орда тұрғызып жатырмын



Үш кісі тас қопарып жатты. Біріншісінен не істеп жатқанын сұрағанда, ол маңдайдағы терін сүртіп:

– Бүкірленіп барамын, – деді. Ал екіншісі бұл сұраққа жеңін қайырып тастап, маңызды түрмен:

– Нәпақамды тауып жатырмын, – деп жауап берді. Ал үшінші адамға келіп:

– Не істеп жа-

тырсыз? – деп сұраса, ол жоғары қарады да:

– Орда тұрғызып жатырмын, – деді сабырлы үнмен.
Барлық тіршілік иесі құмырсқадай қыбырлауды біледі, алайда олардың алға қойған мақсаты кім екенін көрсетіп, болашағынан хабар береді.

Деректер интернет желісінен алынды

«АЛАТАУ» - ХАЛЫҚКА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ

3 айға – 600 теңге.

6 айға – 1200 теңге.

ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ

КАЛАЛАР ҮШІН

3 айға – 858, 63 теңге.

6 айға – 1717, 26

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА

3 айға – 914, 49 теңге.

6 айға – 1828, 98 теңге.

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

С РЕДАКЦИИ

3 месяца – 600 тенге.

6 месяцев – 1200 тенге.

ДЛЯ ГОРОДА

НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ

3 месяца – 858, 63 тенге.

6 месяцев – 1717, 26 тенге.

ДЛЯ СЕЛЬСКОГО

НАСЕЛЕНИЯ

3 месяца – 914, 49 тенге.

6 месяцев – 1828, 98 тенге.

Индекс: 16534

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Редакция алқасы:

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ — редактордың орынбасары
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА — тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ — тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Кезекші редактор: Г. ЕРДАУЛЕТОВА.



Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail.ru
E-mail: www.alatau.kz@mail.ru

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 8098
Тапсырыс № 675

Индекс 15534



Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ